

Біз өзіміздің арғы, бергі
ата-бабаларымыздың
жүздеген буынының
қалдырған өсиетін ақтап,
мұраларын сақтап, молайта
беру жолында топтасуға
тиіспіз.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...»

4

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

8

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»



www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

КАРАНТИН КҮШЕЙТІЛДІ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Алматы қаласының Бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин мегаполистеги коронавирустық инфекцияның «дельта» штамының таралуына байланысты 23 шілдеде жаңа Қаулы қабылдады.

Қаладағы эпидзерттеу нәтижелері бойынша коронавирусты жұқтыру көрсеткіші күннен-күнге өсіп барады. Вирустың қарқынды таралуының алдын алу мақсатында Бас санитар бірқатар нұсқаулар берді.

Жандарбек Бекшиннің айтуынша, соңғы екі аптада вирустың балалар мен жастар арасында жиі таралып жатқаны байқалады. 14 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы 1%-ға өсті және жоғары деңгейі 14% құрайды. 40 пен 59 жастағы науқастанған азаматтардың үлес салмағы да 25%-дан жоғары деңгейде.

(Жалғасы 2-бетте).

ТОКИО–2020

«ҚОЛА» ҚЫЗДАН АЙНАЛДЫҚ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қоржында – тағы бір қола. Қазақстандық зілтемірші Зульфия Чиншанло Токио Олимпиадасында 55 келіге дейінгі салмақта қола жүлде еншіледі.

Дүбірлі додада зілтемірші қыз жұлқа көтеруді 90 келіден бастап, белгіленген салмақты оңай еңсерді. Екінші мүмкіндігінде 93 келіні басынан асырған Зульфияның көрсеткішін төрешілер есепке алмады. Серпе

көтеруді 123 келіден бастаған спортшының бұл көрсеткішін де қазылар қауымы есептемеді. Зульфия Чиншанло серпе көтеруді 123 келімен аяқтап, үшінші мүмкіндігіне шығудан бас тартты. Қазақстан спортшысы қоссайыс нәтижесі бойынша 213 келіні бағындырып, үздік үштікке жайғасты.

55 келіге дейінгі салмақтағы зілтеміршілер арасында алтын филиппиндік Хидилин Диас (224) қанжығаласа, күміс медальды қытайлық Ляо Цюнь иеленді.

(Олимпиада жаңалықтары 10-бетте).

ҚЫСҚА...

- Елорда мен Алматыны жалғайтын автожолдың 60%-ы салынды.
- Жылдың соңына дейін Бостандық ауданында 17 шақырым жол жөнделді.
- Қалада демалыс күндері карантин талаптарын бұзған 39 жағдай анықталды.
- Шаһарда сауда және тамақтандыру орындары вирус жұқтыру жөнінен көш бастап тұр.
- «Ashyq» жобасына қатысқан жағдайда сауда орындары жұмыс күндері 20.00-ге дейін жұмыс істей алады.



КАРАНТИН КҮШЕЙТІЛДІ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

(Басы 1-бетте)

Алматының Бас санитар-дәрігері қаланың 2500-ден астам нысанында енгізілген «Ashyq» жүйесінің тиімділігін айтты. Қаулыда қамтылған басқа да нұсқаулардың мазмұны төмендегідей:

- Қаулы бойынша, «Ashyq» жобасын іске асыру жалғасады. Жобаға сауда және ойын-сауық орталықтарын, сауда үйлерін, базарларды, дәріханаларды, ПТР зертханаларын және басқа да шағын орта бизнес нысандарын қосу тапсырылды.
- «Ashyq» жобасына ерікті қатысушылар туралы ақпарат орналасады.
- Бекшин мониторингтік топтардың әлеуметтік-экономикалық нысандарға, оның ішінде «Ashyq» жобасына қатысушыларға бақылауын күшейтуді де тапсырды. Ал жосықсыз қатысушылар жобадан шығарылады.

- Қоғамдық орындар мен нысандарға бару кезінде, қоғамдық көлікте жүру кезінде, сондай-ақ, қоғамдық орындарда ашық аспан астында халықтың бетперде тағу, әлеуметтік қашықтық сақтау және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптар сақталуы тиіс. 5 жастан асқан балалар бетперде тағуы керек.
- Көкке шыққысы келетіндер 15 адамнан аспауы керек және бетперде тағу режимін сақтауы керек.
- Қоғамдық көліктер, такси, метро, әуежай, теміржол вокзалдары мен автовокзалдар, балаларға арналған аулалар мен спорт алаңдары және базарлар, басқа да қоғамдық орындар профилактикалық дезинфекциялық өңдеумен қамтамасыз етілуі тиіс.
- Жұмыс күндері қоғамдық тамақтандыру жұмысы «Ashyq» жобасына қатысушылар үшін – 20.00-ге дейін, ал қалғандары үшін – 17.00-

ге дейін қысқартылды. Сол кесте бойынша жазғы алаңдар, фудкорттар мен асханалар жұмыс істеуі керек. Демалыс күндері олардың барлығы жабылуы керек.

- Сауналар, спа-орталықтар мен фитнес-орталықтар да 17.00-ге дейін, ал «Ashyq» жобасына қатысқан жағдайда 20.00-ге дейін жұмыс істей алады. Демалыс күндері олардың жұмысына да тыйым салынады.
- Туристік автобустар толығымен тоқтатылды.
- «Ashyq» жобасына қатыспайтын бильярд, караоке, компьютерлік клубтар жабылуы тиіс, жобаға қатысатындар жұмыс күндері 20.00-ге дейін жұмыс істей алады және демалыс күндері жабылуы тиіс.
- ХҚКО, банктер және Қазпошта бөлімшелері демалыс күндері жұмыс істемеуі керек, ал жұмыс күндері тек алдын ала жазылу арқылы жұмыс істей алады.
- Демалыс күндері азық-түлік және азық-түлік емес жабық және ашық базарлар, сондай-ақ ауданы 1000 шаршы метрден асатын сауда орталықтары жабылады. «Ashyq» жобасына қатысқан жағдайда СОО жұмыс күндері 20.00-ге дейін жұмыс істей алады.
- Демалыс күндері қоғамдық көлік тоқтамайды. Керісінше, санитарлық дәрігер асығыс уақытта автобустар санын көбейтуді талап етті.
- Демалыс күндері қалада саябақтар мен жаяу жүргіншілер көшелері де жабылады, жұмыс күндері олар 17.00 сағаттан кейін жаяу жүргіншілер үшін жабылады.

Айгүл НҮРСАБЕТ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл алматылық **11,5 мың** оқушы түлек атанды



Almaty Business–2025 бағдарламасы бойынша **130-дан астам** жоба қаржылай қолдауға ие болды



Мегаполисте 2023 жылға дейін **20-ға жуық** мемлекеттік балабақша салынады



«Іскер ана» бағдарламасы аясында **776 адам** қайтарымсыз грант алып, өз бизнесін ашты



Алматы көшелерінің жалпы ұзындығы **3097** шақырымды құрайды

ӨРЕНДЕР ӨНЕРДІ ТЕГІН ҮЙРЕНЕДІ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматының ең көрнекті жерінің бірі – Бостандық ауданында 100 аула жөнделеді. Бұл туралы осы ауданның әкімі Алтай Рахымбетов Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында айтты.

АУЛА. Жалпы, Бостандық ауданында 4 жыл ішінде 337 аула жөнделген. Бұл жұмыстар биыл да жалғасуда. Әкімнің айтуынша, Бостандық ауданының 65 ауласында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде «Көктем», «Алмагүл», «Орбита» шағынаудандары бар. Онда жаңа жол жабыны пайда болады, сондай-ақ барлық қауіпсіздік шаралары сәйкес келетін жаңа балалар алаңдары орнатылмақ. Өткен жылы инвесторлар есебінен ауданда 20 балалар алаңы абағандырылды. Ал биылғы жарты жылда инвесторларды тарту есебінен 15 балалар алаңы жөнделді, жыл соңына дейін тағы 6 алаң пайдалануға берілмек.

ЖОЛ. Сондай-ақ, жылдың соңына дейін Бостандық ауданында 17 шақырым жол жөнделеді. Аудандағы 12 көшеге асфальт төселген, тағы 4 көше мен 1 көлік аймағы кезекте тұр. Жалпы ұзындығы – 17 шақырым. Бұл жұмыстар тамызға дейін аяқталады деп күтілуде.

«Үш учаскеде 663 метр тротуар желісі салынды және екі мекенжай бойынша тротуар салу жұмыстары жалғасуда. Саин-Торайғыров көшелеріндегі көлік аймағын жөндеу аяқталды», – деді А.Рахымбетов.

ЖАРЫҚ. А.Рахымбетовтың айтуынша, аудан әкімдігі қалалық Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасымен бірлесіп, биылғы жөндеу жұмыстары аясында 155 учаскені жарықтандыру бойынша жұмыстар басталған. 140 учаскеде жөндеу жұмыстары аяқталды (1130 тірек, 4526 шам орнатылған). «1 қыркүйекке дейін қалған 15 учаскені жарықтандыру жұмыстарын аяқтаймыз. Қаланың Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы шаһардың жартылай жарықтандырылмаған көшелері мен аула



аймақтарын жарықтандыруға қосымша жобалық-сметалық құжаттама дайындады. Аталған тізімде Бостандық ауданының 214 жартылай жарықтандырылған учаскелері мен 117 ауласы бар», – деді А.Рахымбетов. Осы жұмыстар нәтижесінде Бостандық ауданы жарықпен 100% қамтамасыз етіледі.

КОҒАЛДАНДЫРУ. Аудан келбеті жасыл желектерімен де көркем. А.Рахымбетовтың айтуынша, «Jasyl Almaty» бағдарламасы бойынша биылға жоспарланған 20 мың ағаш пен бұтадан 4989-ы отырғызылды, оның 1500-і бюджет және 3489-ы жеке тұлғалар мен ПКСК есебінен. Күзгі кезеңде 15 мыңға жуық ағаш отырғызылмақ.

ӘЛЕУМЕТ. Бостандық ауданындағы көмекке мұқтаж отбасылардың балалары үйірмелер мен әлеуметтік клубтарға ақысыз қатысады. Спикердің айтуынша, ауданда «Әуен әлемі» мектебі ашылып, оған 50 бала тегін барып жүр. «Осы жылдың сәуір айында «Гаухар тас» тұрғын үй кешенінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында жобалық қуаты күніне 60 бала болатын «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы ашылды. Аудан аумағында №3 Оқушылар үйі жұмыс істейді, онда 1330 бала 29 үйірге тегін қатысады», – деді А.Рахымбетов.

ЖАСТАР. А.Рахымбетовтың айтуынша, Бостандық ауданында 6 ірі спорт нысаны бар, онда 75 спорт секциясы жұмыс істейді және 7570 адам қатысады. «Ауданда жастар саясатын қолдау жөніндегі мемлекеттік қор қаржыландыратын, күніне 150 адамды қамтитын 3 демалыс орталығы жұмыс істейді. Жеке спорт ұйымдарын тарту есебінен 500 адамды қамти отырып, бос уақытты тиімді өткізу орталықтарының санын 10-ға дейін арттыру жоспарлануда», – деді аудан әкімі.

Ауданның оқу орындарында тегін негізде 400-ге жуық үйірме мен секциялар жұмыс істейді, ондағы оқушы мен студенттер саны 20 000-нан асып жығылады.

САНАҚ. «Ауданда 1–30 маусым аралығында Ұлттық халық санағының дайындық кезеңінде интервьюерлермен 118 652 үй болатын 126 258 нысан қамтылды. Оларда 295 121 адам тұрады және 2009 жылмен салыстырғанда тұрғындар саны 27 509 адамға өскен», – деді аудан әкімі. Ол дайындық процесіне 143 адам қатысқанын айтты. Тұрғын үй-жайларды аралау кезінде интервьюерлер арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуі бар планшеттерді пайдаланған. Ал екінші кезеңде Бостандық ауданында 61 нұсқаушы-бақылаушы қатысады.

Үлкен МҮМКІНДІК

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Егер Алматы қаласынан жұмыс таппаған болсаңыз, онда мемлекет сізге басқа қалаға, атап айтқанда, солтүстік өңірлерге жұмысқа орналасуға көмектесе алады.

Елімізде 2017 жылдан бастап, халық тығыз орналасқан оңтүстік өңірлерден жұмыс күші тапшы солтүстік облыстарға ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы жұмыс істейді. Қоныс аударушылар әлеуметтік пакет алады.

Жаңа тұрғылықты жерде ерікті өңіраралық қоныс аударуды мемлекеттік қолдау шаралары: көшуге материалдық көмек беруді; тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуді; «ЖҚЖК–2020» бағдарламасы шеңберінде бұрын салынған (сатып алынған) еңбек жастары үшін қызметтік тұрғын үйлер және жатақханалардан бөлмелер беру, сондай-ақ тұрғын үй сатып алу және/немесе салу арқылы қоныс аударушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету арқылы жалға берілетін тұрғын үй беруді; қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге субсидиялар беруді; қажет болған жағдайда техникалық және кәсіптік білімі бар оқуға және қысқа мерзімді кәсіптік оқуға жіберуді; жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесуді қамтиды.

«Еңбек» бағдарламасына қатысушыларға және олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ отбасы жағдайына қарамастан, жалғыздікті адамдарға көшуге отағасына және отбасының әрбір мүшесіне бір рет 35 АЕК мөлшерінде материалдық көмек беріледі. Көшуге материалдық көмек «Еңбекке» қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне олар жаңа тұрғылықты жеріне келгеннен кейін беріледі.

Бұл жөнінде толық ақпарат білгіңіз келсе, Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығына хабарласа аласыз.



«Akimat LIVE»:

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

Алматылықтардың баспана мәселесі қалай шешілуде?

- Қала тұрғындарын сапалы заманауи баспанамен қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты талабының бірі. ҚР Президентінің тапсырмасы аясында жүзеге асып жатқан бағдарламалар мегаполистің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері зор.

- Жыл соңына дейін Алматыда 2 млн. 604 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салынады. Оның ішіндегі 248,5 мың шаршы метр немесе 3266 пәтер мемлекеттік бағдарламалар мен қалалық бюджет есебінен бой көтермек.

- Жалпы, статистикаға көз жүгіртсек, бүгінде Алматыда тұрғын үй құрылысының көлемі екі есеге артқан. Мәселен, 2014 жылы жаңа ғимараттардың көлемі шамамен 1330,8 мың м² құраса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 2401 мың метрге дейін өсті.



Жас отбасыларға мүмкіндік

Алматыда жастарға арналған жеңілдетілген несие арқылы баспана алуға бағытталған «Алматы жастары» бағдарламасы бар. Аталмыш бағдарламаның көмегімен жыл сайын мыңға жуық жас отбасы баспанаға ие болуда.

Биыл жас мамандар баспана бағасын 18 млн. теңгеге дейін ала алады. Алғашқы жарна баспана бағасының 10%-ын құраса, белгіленген пайыздық мөлшерлеме 5%.

Бағдарламаға 35 жасқа дейін (қоса алғанда) денсаулық сақтау, білім саласындағы мамандар, мәдениет және спорт, БАҚ өкілдері, әлеуметтік сала және құқық қорғау органдары қызметкерлері қатыса алады.

Өтініштер 10 наурыздан бастап 31 наурыз аралығында www.almaty-zhastary.kz сайты арқылы қабылданады. Үміткерлердің тізімі балдық жүйе арқылы есептеледі.

Еске сала кетейік, аталмыш бағдарлама 2017 жылы басталған. Биыл бағдарлама аясында мыңға жуық педагогтер, дәрігерлер, журналистер, мәдениет қызметкерлері, спортшылар, әлеуметтік және құқық қорғау органдарының жас мамандарын тұрғын үймен қамту көзделген.

- Жыл басынан бері «Алматы жастары» бағдарламасы аясында 116 жас отбасы баспаналы болды

«ШАҢЫРАҚ» пилоттық жобасы



- Биылғы жылдың бірінші жартысында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясындағы «Шаңырақ» пилоттық жобасымен 800-ден астам алматылық отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Әкімдікте тұрғын үйге мұқтаж отбасылар ретінде есепте тұрған отбасылар «Шаңырақ» жобасының қатысушылары бола алады. «Шаңырақ» – «Нұрлы жер» бағдарламасының жаңа бағыты. Бағдарлама бойынша 10% бастапқы жарнаны толтырып, жылына 5% мөлшермен 20 жылға несие алуға мүмкіндік бар. Ал клиент үй бағасының 50%-ін төлесе, несие мөлшерлемесі кейін 3,8%-ке дейін төмендейді, яғни ай сайын төлейтін сомасы азаяды.

Тұрғын үйді кез келген жаңа тұрғын үй объектілерінен сатып ала алады. Оларды «Шаңырақ» бағдарламасы арқылы да, жеке құрылыс салушылардың қатысуымен де алуға болады. Бағдарламада тұрғын үйді үлестік қатысу шарты бойынша да (пайдалануға берілмеген) сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Құрылыс салушыда «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ кепілдігі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Тұрғын үй қорын реновациялау

Алматының тұрғын үй қоры 28,3 млн. шаршы метрді құрайды. Оның 550 мың шаршы метрге жуығы ескі үйлер, яғни мегаполис пәтерлерінің шамамен 2%-ы жөндеуді қажет етеді.



Қазіргі таңда мегаполисте 1930–1975 жылдары салынған, пайдалану мерзімі өткен 1427 екі қабатты үй бар. Мұндай тұрғын үйлердің жартысынан көбі Түркісіб, Бостандық және Жетісу аудандарында орналасқан. Бұл үйлер құрылыс нормалары мен ережелеріне, санитарлық нормаларға сәйкес келмейді. Мегаполистің ескі тұрғын үй қорының негізгі бөлігін өткен ғасырдың бірінші жартысында салынған, екі қабатты қаңқалы-қамысты үйлер құрайды. Арасында 1990 жылы салынған кірпіш үйлер де кездеседі. Мамандардың айтуынша, бұл үйлер де ескі үйлер қатарына жатады.

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 ақпандағы №1/124 қаулысымен Алматы қаласында тұрғын үй қорын реновациялаудың 2021–2025 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді.

- Реновация бағдарламасы аясында 708 ескі үйді немесе 6637 пәтерді бұзу және жалпы ауданы 2,3 млн. шаршы метр 683 үйді немесе 34 605 пәтерді салу көзделіп отыр.

- Ағымдағы жылдың басынан бері бағдарлама шеңберінде инвесторлар мен Алматы қаласының ӘКК бірлесіп 142 пәтерлік 15 ескі үй сүрілді.

Бағдарлама реновациялауға жататын пәтерлердің меншік иелерінің заттық құқықтарға кепілдік бере отырып, жүз пайыз келісімімен жүзеге асырылады.

Құрылыс жүргізудің жаңа ережелері

Жаңарған талаптар мегаполистегі құрылысты шектейді. Ғимараттардың биіктігін және салынатын құрылыстардың тығыздығын анықтайды және инфрақұрылымды дамыту бойынша талаптар қояды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес тарихи орталықтың ерекше архитектуралық келбетін сақтау және әлеуметтік инфрақұрылымды, көгалдандыруды дамытуға баса назар

аудару, қала құрылысын реттеу мақсатында әзірленді.

Қала басшысы Бақытжан Сағынтаевтың атап өткендей, бұл ережелер – Алматыны жақсарту үдерісіндегі үлкен қадам әрі қала құрылысын жоспарлаудағы, жайлылық пен тартымдылық жолындағы ауқымды шара. Ережеде Алматының бірегей сәулеттік келбетін және әрбір қала тұрғыны үшін көгалдандыру аумағын сақтау ерекше орын алады. Қала құрылысын жоспарлауда жобалар қоғамдық талқылаудан өтетін болады.

ТҮЙІМ салынады:

- Тарихи және мәдени ескерткіштер қорғалатын аймақтар шекарасында тарихи ғимараттардың құрылымы мен стилін, пропорциялары мен биіктігін бұзуға жол берілмейді.

- Рұқсат етілген шекті биіктіктен және аймақтағы ғимараттардың орташа биіктігінен асуға рұқсат етілмейді.

- Тарихи аймақтағы және 50 метрге дейінгі радиустағы тарихи-мәдени ескерткіштер қорғалатын аймақтарында сәулеттік шешімнің бұзылуына тыйым салынады.

ТАЛАП етіледі:

- Халықтың тығыздығына келетін болсақ, кварталды құрылыстың 1 гектарында тұрғындардың тығыздығы 440 адамнан, ал тарихи орталықта гектарына 300 адамнан аспауы тиіс.





#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің
мен үшін
маңызы...»

Бакыт ЗЕЙНОЛЛАҚЫЗЫ,
Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясының
3-курс студенті:

– Тәуелсіздік – ол халықтың еркіндігі, асқақ арманы. Ол тіліміздің, салтымыздың, дәстүріміздің, өнеріміздің еркіндігі. Қазіргі сәтте әр күніме шүкір етемін, жер жүзінде қаншама елдер әлі күнге дейін Тәуелсіздіктерін ала алмай, өзгеге бағынышты болып келе жатыр. Бізге де Тәуелсіздік оңай келген жоқ, сондықтан кейінгі ұрпақтың өкілдері еліміздің егемендігін бағалауымыз керек. Мен жас болсам да, осы Тәуелсіздіктің нұрымен өсіп келемін. Ата-бабамыздың елдің болашағы үшін салып кеткен сара жолында өз тілімізде сөйлеп, оқимыз. «Кеңестің кезінде мектепті қазақша бітіріп, кейін училищеге түскенде орысша оқитын едік, талай қиналған кездеріміз көп болды ғой, ал қазір Тәуелсіздігіміздің арқасында қай тілде оқимын десең де, өз еркің», – деп, аға-әпкелеріміз айтатын. Сол себептен де, қазақ тілінде білім алып жатқаныма қуанамын. Бүгінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында Жетіген мамандығы бойынша 3-курс студентімін. Басты мақсатым – ата-анамның үмітін ақтап, елімнің мақтанышы болып, өз өнеріммен қазақ елін барша әлемге таныту. Шектеусіз шығармашылықпен айналысу, өнерімді халықпен бөлісу. Болашақта Тәуелсіз еліміздің асқақ өнерінің өркендеуіне өз үлесімді қосып, алған білімді ел игілігіне жұмсасам деймін.



Мұратбек МАҒЗАМ,
№126 мамандандырылған
лицейдің математика пәні
мұғалімі:

– Мен үшін екі мереке ең құнды да қастерлі мереке. Олардың бірі – Тәуелсіздік күні болса, екіншісі – 22 наурыз. Шәкірттеріме де үнемі осы мерекелердің маңыздылығын үнемі айтып отырамын. Қаншама апа-аталарымыз бүгінгі бейбітшілік заманымыз үшін күресті, ал біз қаншалықты өз парызымызды өтеп жатырмыз деп ойланып қаламын. Жылда шәкірттеріме Тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенімізді айтып, ізденіп, кішкене болса да бұл күннің мағынасын түсіндіруге тырысамын. Қаламыздағы 20 градус аязға қарамай, орталықта орналасқан Республика алаңына барып, әлем туларының ішіндегі ең әдемісі Көк Туымызды қолға алып, балалардың тәуелсіздікке арналған өлең шумақтарын айтқызып, видео түсіріп, қаламызды аралап қайтамыз. Бұндай шаралар балалардың Отанын сүйуге, білімді де білікті болуына септігін тигізеді деп санаймын.



Гүлнұр РАХЫМБАЙ,
Жалпы тәжірибе дәрігері,
терапевт-невропатолог:

– Адам баласының дүниеге келуі немесе өмірден өтуі оның еркінен тыс табиғи құбылыс. Өйтсе де, мен дәл 1991 жылы дүниеге келгенімді тағдырдың ерекше сыйы деп түсінемін. Тәуелсіздіктің құрдасы екенім маған терең жауапкершілік жүктейді. Елмен бірге есею – екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін бақыт. Саяси тұрғыдан алғанда, Тәуелсіздік бізге ең алдымен өзіміз таңдап сайлау құқығын берді. Тәуелсіздіктің басты нышандарының бірі – мемлекеттік дербес Туы мен Елтаңбасы және Әнұраны болуы. Біздің бойымызда мемлекеттік рәміздерге деген құрмет пен оған ұқыптылықпен қарау, аяқасты етпеу секілді қасиеттер орнықты деп санаймын. Бүгінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ел болашағы жастар қолында екенін әрдайым еске салып отырады. Аға буын біздерге тәуелсіз, келешегі кемел мемлекет сыйлады. Отанымыздың абырой-беделі арта беруіне біз де лайықты үлесімізді қосуға дайынбыз. Мұны бірге жұмыс істеп, білімін жетілдіріп жүрген замандастарымның ықылас-ниеттерін білетіндіктен айтып отырмын.

Әзірлеген Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

Ауыл әкімдері
«жасара» бастады

Әсел
ДАҒЖАН

Жексенбі күні еліміздегі ауыл, ауылдық округ, аудандық маңызы бар қала мен кент тұрғындары өздерінің таңдауын жасап, ауыл әкімдерін сайлауға дауыс берген еді. 30 жылдың ішінде Қазақстан халқы өзінің әкімдерін тікелей сайлап алу құқығына ие болып отыр. Мамандар мұны халқымыздың саяси мәдениетін өсіруге ықпал етеді әрі аймақтарда саяси плюрализмнің дамуына өте терең іргетас қалайды дейді.

Естеріңізге сала кетейік, жексенбі күні 730 елдімекенде халықтың дауыс беруіне арнап жасақталған 1847 сайлау учаскесі жұмыс істеген болатын.

Ауыл халқының дауыс берудегі белсенділігі бойынша көш басында Шығыс Қазақстан облысы тұр. Өңірдегі әкімі сайланатын ауыл, ауылдық округ, аудандық маңызы бар қала мен кент тұрғындарының 90,9 пайызы сайлауға қатысып, өз таңдауын жасаған. Жалпы, өңірлер бойынша халықтың сайлауға атсалысу статистикасы мынадай: Ақмола облысында дауыс берушілердің 75,5 пайызы, Ақтөбе облысында – 79 пайыз, Алматы облысында – 66,5 пайыз, Атырау облысында – 74,4 пайыз, Шығыс Қазақстан облысында – 90,9 пайыз, Жамбыл облысында – 90,7 пайыз, Батыс Қазақстан облысында – 81,4 пайыз, Қарағанды облысында – 75,8 пайыз, Қостанай облысында – 84,4 пайыз, Қызылорда облысында – 83,6 пайыз, Маңғыстау облысында – 82,4 пайыз, Павлодар облысында – 76,9 пайыз, Солтүстік Қазақстан облысында – 87,1 пайыз, Түркістан облысында – 77,1 пайыз сайлаушылар жергілікті уақыт бойынша сағат 20.00-ге дейін өз таңдауын жасап, дауыс берген.

Ал Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Александр Данилов Қаз-Ақпарат сайтына берген пікірінде «ауыл әкімдерінің сайлауы ешбір сценарийге бағынбайтын, еркін форматта өтті» деп баға берді.

«Сайлау іс жүзінде сәтті өтті. Өйткені, басты нәтиже – дауыс берушілердің белсенділігі жоғары



болды. Қорытындыны қарасақ, барлық жерде жеңісі болғанға үміткерлердің жолы бола бермеген. «Бәріне қарсымын» деген бағанды белгілеу арқылы, үміткерлердің ешбіріне көңілі толмайтынын көрсеткендер болды. Енді бір жерде өзін-өзі ұсынғандардың жолы болып жатты. Яғни халық сондағы елдің уайымы мен мүддесін жақсы білетін адамдарға басымдық берді. Осылайша тұрғындарға өз қалауын орындап, пайымын білдіруге толық жағдай жасалды», – дейді сарапшы.

Бірақ мамандар «Ауыл» және «Nur Otan» партияларынан басқасы бұл сайлауда аса бір белсенділік танытпағанын айтуда.

Соңғы ақпараттар бойынша өзін-өзі ұсынған 100-ден астам үміткер әкім болған. Жалпы, кандидаттардың 3/2-сі өзін-өзі ұсынған болатын. Бір жағынан, адамдар реформаға сенгендіктен белсенді атсалысты деп отыр мамандар. Бір орынға шамамен 3 үміткерден түскен. Екінші жағынан, қатысу деңгейінің жоғары болуы халықтың дауыс беру арқылы өз өмірлерін өзгертуге болатынына сенетінін көрсетті.

Бұл жолғы сайлаудың тағы бір ерекшелігі – әкімдердің жасы біраз жасаруы мүмкін. Себебі, өңірлердегі сайлауды бақылаушы мамандар билікке бұл жолы жастардың келуіне халықтың өзі мүдделі екенін байқаған.

Мәселен, 25 жасар Біржан Махатов Алматы облысындағы ең жас ауылдық

округ әкімі болып сайланды. Сайлау қорытындысы бойынша ол Қарасай ауданы Елтаң ауылдық округінің әкімі болды.

Округтің жас әкіміне ауыл ақсақалдары да үлкен үміт артып отыр. Елтаң ауылдық округінің белсендісі Әділ Келтаевтың айтуынша, мақсатқа ұмтылған Біржанның амбициясы ауылдық округті жаңа деңгейге көтереді.

«Біз ескі проблемалар жаңа заманауи шешімдерді табады деп сенеміз. Жас ұрпақтың іске деген көзқарасы мен оны жүзеге асыруға келгендегі амал-тәсілі өзгеше. Біздің ауылдық округті жас және еңбекқор әкім басқаратыны мені қуантады. Оған қызметіне табыс тілеймін. Біз оның барлық бастамаларын туған ауылымыздың игілігі үшін қолдауға дайынбыз», – деді Әділ Келтаев.

Халықтың дауыс беруі арқылы әкім болғысы келетіндердің гендерлік құрамына келсек, ер үміткерлердің саны – 1839. Ал 458 әйел үміткер бағын сынады.

Сайлау барысында кішігірім заң бұзушылықтардың болғаны жасырын емес. Мәселен, жекелеген азаматтардың өз отбасы мүшелеріне дауыс беру әрекеті, дауыс беру кабинетіне 2 адамнан кіру, кейбір азаматтардың қуәландыратын құжатсыз бюллетень алғысы келу ниеті, әлеуметтік қашықтықты сақтамау секілді фактілер орын алды. Дегенмен, ол сайлау процесінің заңдылығы мен ашықтығына әсер еткен жоқ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдос САРЫМ,
саясаттанушы:

Революциялық
маңызы бар қадам

Бұл сайлау тек ауылдың ғана әкімін сайлау емес. Қазақстан – Орта Азия елдерінің ішінде тұңғыш рет әкімдерді халық сайлайтын дәрежеге жетіп отыр. Бұл – революциялық маңызы бар қадам. Саяси мәдениетін ғана өзгертіп қоймайды, жалпы қоғам мен биліктің арасын жақындатып, биліктің табиғатын, болмысын өзгертетін дүние деп айтар едім. Бір ғана мысал, бір жарым жылдан кейін аудан әкімдерін сайлауға кірісеміз. Ал аудан әкімдігіне кандидаттар ауыл әкімдерінің арасынан шығады. Болашақта аудан әкімдерін сайлау облыс халқының арасында сенім мәселесін тудырады. Екіншіден, саяси партиялардың табиғатын өзгертеті. Бүгінгі күні партияларымыз үлкен қаладан аспайды, әрі кетсе облыс орталығына ғана жеткен. Еліміз сайлауы жиі өтетін елге айналып келе жатырмыз. Әрбір саяси партия сайлауға белсенді қатысуға, үміткер ұсынуға дайын болу керек.

Ерлан ҚАРИН,
ҚР Президентінің кеңесшісі:

Саяси жаңғырудың
жаңа кезеңі

Қазақстанда алғаш рет ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өтуде. Бұл – Президент айтқандай, елімізде саяси жаңғырудың жаңа кезеңін ашатын өте маңызды сәт. Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында әкімдерді тікелей сайлау туралы бастама көтерген болатын. Нәтижесінде оны ұсынғаннан бастап нақты іске асырылғанға дейін бір жылдан аз уақыт өтті.

Ауыл әкімдерін сайлау азаматтарға өз елдімекендерінің дамуына тікелей ықпал етуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Олар мемлекеттік басқару жүйесінің жұмыс істеуінің жаңа ұзақ мерзімді қағидағарын қалыптастырады, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипатын сапалы түрде өзгертеті.

Сондықтан бұл сайлау науқанының барысы азаматтар арасында үлкен қызығушылық тудырды, елдің саяси өрісін жандандыруға әкелді және жергілікті жерлерде саяси бәсекелестіктің артқанын көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, барлық 6 саяси партияның өз кандидаттарын ұсынғаны, көптеген өзін-өзі ұсынудылар тіркелгені де маңызды.

Жалпы, Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған үш саяси бағыт шеңберіндегі барлық өзгерістер дәйекті түрде іс жүзінде жүзеге асырылып, қоғамның сұраныстарына сай келеді және елдің одан әрі демократиялануына ықпал етеді.

Құралай ҚАСЫМБАЕВА,
Алматы облысы, Тағар
ауданы, Панфилов ауылының
тұрғыны:

Халыққа берген уәдесінде
тұрады деп сенемін

Биылғы ауыл әкімдерін сайлау – ел тарихында елеулі оқиға болды. Өйткені, болашақ әкімді таңдау құқығы ауыл тұрғындарының өздеріне берілді. Сондықтан болар, біздің ауылдың тұрғындары жауапкершілігі зор саяси науқанда өте жоғары белсенділік танытты. Көптің бірі болып мен де өзім тұратын елдімекеннің әкімін сайлауға қатысып, түстен кейін барып, өз таңдауымды жасадым. Сайлау науқаны барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып жүргізілгенін көрдім. Елдің ендігі үміті – жаңадан тағайындалған әкімдер сайлауды бағдарламаларындағы уәде берген шаруаларын жүзеге асырса дейміз. Мәселен, біздің ауылымызда Мәдениет үйі жоқ, жастарға арналған спорттық алаңдар тапшы, шеткі көшелерге асфальт салынса және көгалдандыру жұмыстары қолға алынса, қуанар едік. Орталық көшелер жарықтандырылса және қазіргідей ми қайнатқан ыстықта саясында демалып отыратындай саябақтар болса, риза болар едік.



Суға кеткендердің сұрауы кімнен?



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Шомылу маусымы басталғалы елімізде 72 адам, соның ішінде 27 бала суға кетіп, мерт болды. Бұл туралы ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Соңғы 2 айда мас күйінде шомылу, тыйым салынған жерлерге түсу, суға батып бара жатқан адамды құтқару кезінде және ересектердің балаларды қараусыз қалдыруы салдарынан еліміздің су айдындарында 72 адам, оның ішінде 27 бала көз жұмды. Суға бату оқиғаларының ең көп саны Түркістан (14), Қызылорда (8), Алматы (7) және Шығыс Қазақстан (7) облыстарында тіркелген.

Ал Шығыс Қазақстан облыстық Төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің мамандарына сенсек, қазіргі уақытта облыста суға шомылу кезеңінің басынан бері 24 адам суға батып, (оның 5-еуі бала) қайтыс болды.

Су айдындарының жағалау аумағын патрульдеу жұмыстарын жүргізу кезінде құтқарушылар мен полиция қызметкерлері 59 адамды, оның ішінде 8 баланы құтқарып қалған.



Қуәгерлердің айтуынша, 31 мамыр күні шамамен кешкі сағат 17.30-да Сайран көліне 25–30 жас аралығындағы ер адам суға түсіп,

қайтып шықпаған. Алдын ала болжам бойынша, жас жігіт таныстарымен бірге ішімдік ішкен. Іздестіру жұмыстарына Алматы

қаласы құтқару қызметінің 4 сүңгіруі мен «ҚР ТЖМ» ММ-нен 3 сүңгір мен 2 қайық жұмылдырылды. Негізі, Қазақстандағы су тораптарының барлығы дерлік тозған, оның үстіне жергілікті жердегі судан құтқару қызметтерінің материалдық базасы да мүлдем ескірген. Бірақ солай бола тұра, еліміз тұрғындарының басым көпшілігі жаз айларында суға түсуге құмар. Осының салдарынан суға батып, қаза болып жатқандар саны жылдан-жылға көбейіп келеді.

Жазғы демалыс кезінде балалардың басым көпшілігі үйінде қалады немесе ауыл-ауылға барады. Ал олардың бір бөлігі лагерьлерге шыққанымен, онда олар небәрі 15–20 күн ғана болады. Ал одан кейін балалар не істейді? Әрине, ата-ананың бірі жұмыста, бірі базарда күйбең тірлікпен жүргенде балалар уақытын өткізу үшін суға шомылуға барады. Ауыл балалары жабайы тоғандарға түседі. Мұның арты қайғылы оқиғаларға душар етеді. Қазір бұрынғыдай балалардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін түрлі үйірмелер жоқ. Бар болғанның өзінде ақылы негізде болғандықтан, ата-аналардың көпшілігінің қалтасы оны көтере бермейді. Міне, осыдан келіп, суға шомылуда жасөспірімдердің өлімі көбейіп отыр.

Балалар демалысы дұрыс ұйымдастырылса...

Санамалай берсек, судан келген сұм ажал өте көп. Ал оған кім жауап береді?

Осыдан біраз бұрын Маңғыстау облыстық ТЖД Судан құтқару қызметінің мамандарымен тілдескенімізде, олар былай деп жауап берді:

«Ақтаудағы судан құтқару стансасы шомылу маусымына дайын емес. Мамандар жеткіліксіз, құрал-жабдық ескірген. Қаланың бас жоспары бойынша шаһарда осындай бес бекет болуы керек болса, қазір қолданыста біреуі ғана тұр. Жұмысшылардың жалақысы аз болғаннан кейін, басқа жерлерге кетіп қалып жатыр. Ал мекемеде небәрі төрт қайық бар. Оның ішіндегі ең тәуір дегеніне он жылдай уақыт болған. Оның бірнеше жері жамалып, әбден ескірген. Сондықтан қауіп болған жерге дер кезінде жету мүмкін емес. Осының сал-

дарынан суға батқан жанға дер кезінде көмекке бара алмаймыз».

Жалпы, судан құтқару мекемелерінің қай-қайсысының болса да айтатыны – осы: «Мамандар жеткіліксіз, техникалық база ескірген». Сонда суға кеткендердің тағдырына кім жауап береді? Оның үстіне, суға кеткен 72 адамның жартысына жуығы балалар екендігі кімді де болса, ойландырмай қоймайды. Бұл – елімізде балалар демалысы дұрыс ұйымдастырылмайды деген сөз. Осыдан кейін кішкентай балалар ата-анасының қарауынсыз қалып, өз бетінше суға барады. Ал онда қауіпсіздік шаралары дұрыс қадағаланбағандан соң, арты қайғылы жағдайларға душар етеді.

Қалай десек те, қайғылы жағдайда азайту үшін мемлекет тарапынан арнайы шаралар ұйымдастыру қажет. Қазір

демалыс орындарының көпшілігін коммерциялық ұйымдарға беріп қойдық. Олар қауіпсіздік шараларын сақтауды емес, ең бірінші пайда табуды көздейді. Бұрындары әрбір демалыс орындарында, өзен-көлдердің жағасында суға түсудің арнайы ережелері ілініп тұратын. Қазір ол жоқ. Сондықтан ірі қалаларда суға түсетін арнайы орындар дайындауымыз керек. Мысалы, шет елдерде мұның барлығы тамаша ұйымдастырылған. Ал бізде мұндай демалыс орындары жекеменшікке өтіп кеткеннен кейін қауіпсіздік шаралары дұрыс қадағаланбайды. Мұның соңы өкінішті жағдайға ұрындырады. Осы ретте ірі қалалардағы суға түсетін демалыс орындарын мемлекеттің қарамағына алып, ондағы қауіпсіздік шараларын қатаң бақылау қажет.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті судағы қауіпсіздік мәдениетін сақтауға шақырады. Суда мына нұсқаулыққа назар аудару қажет:

- Суға арнайы рұқсат етілген жерде ғана шомылыңыз;
- Балаларды қараусыз қалдырмаңыз;
- Егер сіз арнайы рұқсат етілген жерде шомылғанда суда жүзуді білмесеңіз, белден жоғары келетін суға түспеніз;
- Жүзу кезінде бір-бірлеріңізді қадағалап отырыңыздар;
- Қоршау белгілерінен асып, жағадан алысқа жүзіп бармаңыз;
- Қайықтар мен катерлерге жақын жүзуге болмайды;
- Қайықтар мен көпірлерден суға секірмеңіз;
- Суда ұзақ уақыт шомылмаңыз, тонып және шаршап қалуыңыз мүмкін;
- Түнгі уақытта алкогольді ішімдік ішіп суға түспеніз.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Талғат БАТЫРБЕКҰЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:

Қолжетімді бассейндер көп болуы қажет

Суға кетушілер санының көп болуы құтқару қызметінің әлсіздігінен деп айта алмаймын. Әрине, осыған тікелей жауапты болғаннан кейін оларға да сын айтуға болар. Дегенмен, көпшілік арнайы дайындалмаған жерлерге барып суға түседі. Мен күні кеше ғана Қызылорда облысына барып келдім. Онда да «каналдағы немесе жағажайдағы суға батып кетті» деген оқиғалар жиілеп кеткен. Ал барлық өзеннің қасына судан құтқарушыларды қоя алмаймыз ғой. Сондықтан арнайы жағажай жасап, жазда демалыс орындарын дайындамасақ, мұндай оқиғалар азаймайды. Облыс орталықтарында суға түсетін арнайы жағажайлар болғанымен, аудан-ауылдарда жоқтың қасы. Бассейндер, тіптен сиреп кетті. Суға кетудің алдын алудың бірден-бір аталы – көптеп бассейндер ашу. Оның өзі қарапайым халыққа қолжетімді, арзан болуы керек. Жергілікті әкімдік осыған назар аударуға тиіс.

Бақытжан ҚАЛМАХАНҰЛЫ,
ТЖД маманы:

Суға түсу мәдениетін көтерген жөн

Мен бұл саланы жақсы білемін, қыр-сырын жетік меңгергенмін. Суға кету фактілерінің көбеюіне құтқару қызметтерінің еш қатысы жоқ. Ол – халықтың суға түсу мәдениетінің төмендігінен. Көпшілік белгіленбеген жерлерге келіп суға түседі, біреулер ішімдік ішіп алады, жастар алдымен суға денесін үйретпей жатып, бірден малтып кетеді. Осындай қарапайым ережелерді сақтамағандан келеңсіз оқиғалар жиілейді. Демек, бұл көпшіліктің өз қауіпсіздігін сақтамауы салдарынан болады.

Суға түсер кезде алдымен денені судың температурасына бейімдеп, бойды қыздырып барып шомылған жөн. Мұны ескермесе адамның аяқ-қолы тартылып, қозғала алмай қалады. Тойып тамақ ішіп алған соң да, ішімдік ішкеннен кейін де суға түсуге болмайды. Оған қоса, кішкентай балаларды суға шомылуға ересектердің қадағалауынсыз жібермеу керек.

Бақытбек БАҚБЕРГЕНҰЛЫ,
кәсіпкер:

Қауіпсіздік бақылауда болуға тиіс

Қазақстанда қаншама өзен-көлдер, каналдар бар. Олардың барлығын құтқарушылармен қамтамасыз ету өте қиын. Мұның алдын алу үшін мәселені кешенді түрде қарауымыз керек. Бассейнмен қамтылған спорт мектептерін дамытып, жастарымызға малтуды үйретуге тиіспіз. Әрине, күн ысып, суға түсу маусымы басталғанда Алматы, Нұр-Сұлтан және облыс орталықтарындағы судан құтқару қызметтерінің жұмысын оңтайландырамыз дұрыс. Олардың техникалық жабдықтылығын жетілдіріп, сапалы жұмыс істеуіне жағдай жасауымыз керек. Онымен қоса, бізде судан құтқарушы білікті мамандар да өте тапшы. Сонымен қатар, небір жағажайларды, демалыс орындарын коммерциялық ұйымдарға беріп қойдық. Олар қауіпсіздік шараларын сақтауды емес, ең бірінші пайда табуды көздейді. Шомылуға арналған жерлерге құм төсеп, адам бірден суға батып кетпейтіндей етіп жасамайды. Мәселен, шет елдерде мұндай орындардың барлығы тамаша ұйымдастырылған. Ал бізде олай болмай тұр. Сондықтан ірі қалалардағы суға түсетін демалыс орындарының қауіпсіздік шараларын қатаң бақылауға алу қажет.

«Олимпиада ханшайымы»



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Токно Олимпиадасының ашылу салтанатында еліміздің Туын желбіретіп шыққан боксшы Қамшыбек Қоңқабаев, жеңіл атлет Ольга Рыпакова ұлттық киім үлгісімен көрермендерді таңдай қақтырды.

Тіпті, жапондықтар Twitter әлеуметтік парақшасына Рыпаковаға «Олимпиада ханшайымы» деген ат қойған.

Әлем халқының назарына іліккен спортшыларымыздың ұлттық киімі, әшекей бұйымдары, ою-өрнектері көрермендерді тәнті етіп қана қоймай, қазақ халқының салт-дәстүріне қызықтырған. Спортшылардың киім үлгілері Ұлттық Олимпиадалық комитеттің тапсырысы бойынша арнайы тігілген. Киім үлгісін дайындауға Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік мұражай өнерінің мамандары атсалысқан. Ал Ту ұстайтын спортшыларға арналған арнайы киімінің дизайнын таны мал алматылық модельер Виолетта Иванова қолға алған.



Сәнді көйлек Ольга Рыпакованың сымбатын арттыра түскен. Шетелдік жанкүйерлер де олимпиада чемпионының киім үлгісін жоғары бағалап, әлеу желіге мақтау сөздерін жаудырған.

«Ақ бетпердесі костюмге өзгеше сыр береді, ғажап сұлулық сыйлайды! Мұны ойластырған адам – тамаша еңбек!».

«Мен – Жапонияданмын. Сіздің командаңызға ойында сәттілік тілеймін».

«Мен – Италияданмын. Бұл қыз – мен үшін ең әдемі Ту ұстайшы».

«Мен оны Зельда ханшайым екен деп ойладым».

Көрермендердің ыстық ықыласына бөленген Ольга Рыпакова халық арасында мұндай қызығушылыққа тап боларын ойламаған.

«Бұл – костюмдер заманауилық пен ұлттық нақыштың ұштасқан тұсы. Бұл – әккі шеберлер жасаған жоғары сән туындылары. Мен оларға керемет жұмысы үшін алғыс айтамын. Негізінде, мен халық арасында осынышалықты қызығушылық тудырамын деп үш ұйықтасам да ойламаған екенмін. Көрермендердің біздің киімдерімізді белсенді талқылап, компьютерлік ойындардың кейіпкерлерімен теңестіргені – жоғары баға. Себебі, бұл – олардың компьютерден көретін дүниелері. Ал біздің шынайы өмірімізде қалыпты киім үлгісі», – дейді спортшы.

Ту ұстап шыққан қос спортшымыздың бірі Қамшыбек Қоңқабаев – бокстан ұлттық команда капитаны, әлем чемпионының екі дүркін жүлдегері. Ал Ольга Рыпакова 2012 жылы Лондонда өткен олимпиадада жеңіл атлетикадан алтын медаль жеңіп алған болатын.



Қандай тарихи тұлғаны болсын халық тудырады, заманы ширатып жаратады. Қажымұқандай алыптың тарих сахнасына көтерілуі де тегіннен-тегін емес. Арғы тегі Қарақыпшақ Қобыландыдан тарайтын осынау даңқты тұлғаның қалтарысы мен бұлттарысы, қайғысы мен қуанышы қат-қабат, қиын да қызық, жеңісті де жемісті фибратты ғұмыры – соның айғағы. Қалай дегенмен де, бір нәрсе анық: өзі айтпақшы, «жалшыдан шығып, жер жүзінде палуандықпен атын жайған» ондай ғажайып жан қазақ түгіл, күллі алты Алашта жоқ.

Қажымұқандай ұлы перзентінің теңдессіз табиғатына, бірегей болмысына тәнті болғаны сонша, ел-жұрты палуанның өзін, сөзін, әрбір іс-әрекетін әлдеқашан аңызға айналдырып үлгерді. Соның бір парасын оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.



ЕЛ АУЗИНАН

Жіптіктей болып жиырылатын

Өзім 1927 жылы осы Ақтөбе колхозында туғанмын. Қажекенді 1937 жылдың қыркүйек айында көрдім. Сабақтан шығып «Бұзықтөбеде» бір топ бала ойнап жүргенімізде жасы өзімізбен шамалас хабаршы балалар келіп: «Ауылға бір дәу палуан келді! Осы ауылдың адамы екен», – деді. Сол жакқа қарай күстай ұштық. Палуан Әшірбек Ерімбетов деген кісінің үйіне түсіпті. Ондай ірі денелі адамды бұл айналадан көрген емеспіз. Ол кісінің маңдайы, бет аузындағы сызықтары ерекше көзге көрінетін. Бір құлағы жоқ, беті бұржа-бұржа екен. Ол кісі күн қатты ысыған күндері көйлек кимей, жартылай жалаңаш денесімен жүретін.

Қажекен ауыл адамдарына өнер көрсетер алдында бойын сілкілеп кеп жіберетін. Қатты сілкігенде үлкен қарны жіптіктей болып жиырылып қалатын. Тіпті, екі қолы мен екі аяғы да шымырланып кететін. Ал керілген мезетте мойны құрықтай болып шыға келеді. Бұлшық еттері білем-білем болып кететін. Палуан алаңға шыққанда тек спорттық үлгідегі киімімен шығатын. Яғни қысқа іш киім және майкамен. Сондай кездерде еркектің үстінен тек қазақша тігілген кең дамбалды ғана көретін ауылдың әйелдері: «Ойбуй-й, ұят болды-ау, ұят болды-ау. Палуан осындай екен-ау!», – деп беттерін баса қоятын. (Ихан Исаяевтың естелігінен).

«ЗАМАНЫМДА ӨЗІМНІҢ, ЕҢСЕРІСКЕН ЕР ЕДІМ...»

Қажымұқан жайлы татымды еңбек жазғандардың бірі, белгілі жазушы Сәуірбек Бакбергенов былай деп жазады: «Қаратаудың ұшқатынан жасаған кішкене сұр домбыра қолынан түспейтін. Күй емес, қоңырлата әдемі саз тартатын. Кейде оған қосылып, үңгірден шыққан дауыстай, күмбірлеген қоңыр үнмен ән салатын. Қазір де сол әдетімен, басқа келген ауыр ойды өзіне онша үйір еткісі келмей, ауыл шебері қолдан жасаған қысқа мойын мұғал домбырасын алып, сазға салды. Артынша оған даусын қосып:

*Бір тас бар Қояндыда, палуан тас,
Жасымда жыл он екі ай*

болдым мұңдас.

*Сол тастай жұртта қалған мен
жатырмын,*

*Қайран күш, бір кеткен соң
қайта қонбас, –*

деп мұңын шағады».

Қажымұқанның әншілік өнері де болатын. Ол көбіне «Бөрібай», «Құлагер», Майраның әндерін айтатын. Ол әндердің бірі серілікке байланысты болса, бірі қазақтың терме сөздері терең мағыналы толғау. Бір күні оның үйіне көптен төбе көрсетпей жүрген колхоз мұрабы Иса Төлепбергенұлы келеді. Жасы 65-тің үстіне шыққан қу тілді, әзілқой адам екен. Батырға олжа түссе жақындап, жайшылыққа есігін аттамаса керек. Менің бірнеше күннен бері жатқанымды естіп келіпті. Алғаш палуан оған кейістік білдірсе де, Иса оның бетін бері қаратып, істің бәрін орнына түсіреді. Көңілі орныққан палуан сәлден соң әнге басып:

Мәстектен тұлапар артық

таптаса да,

Затсыздан затты тумас мақтаса да.

Баласы Құландының құлан ілмес,

Алдыннан тұғыр алып сақтаса да.

Бір тамшы өзен судан зәм-зәм артық,

Өзендей дария болып ақпаса да,

Шабақтан су ішінде шортан артық.

Ілініп қармағыңа қаппаса да,

Дәрісіз пытырадан шитім артық,

Жылына бір шүрегей атпаса да, –

дейді.

Мұны естіп отырған Иса жымып күледі де:

– Батыр-еке, бұл кімді меңзеп айтқаныңыз? – дейді.

– Мына сені-дағы.

– Е-е, онда жарайды, – деп Иса да күледі.

Ертеңінде оның үйіне Балтабай дейтін досы келеді. Ол әрі ақын, әрі жырау екен. Екеуінің достық әзілдері жарасымды. Шай үстінде екеуі біраз әңгімелесті. Шайдан соң палуан тағы да әнге басып, Ақанның

«Торыны таң асырып мінген қандай» деген өлеңін шырқайды.

Көк атты жемсе байлап мінген қандай,

Үкілеп, әсемдетіп жүрген қандай?

Ауылы ғашық жардың қайда екен,

Жүгіртіп сайлау жермен келген қандай?

Тұйғындай шабыттанған мойын бұрып,

Ақ үйге қадам басып енген қандай?

«Қарағым, ебін тауып келдің бе деп,

Төсекте құшақ қосып жатқан қандай?..

Сөйтіп отырғанда есік алдына төрт қой келе қалады. Бір жылқышы құлынды бие айдап әкеледі.

Палуан далаға шығып:

– Бұл кімнің малы? – деп сұрайды.

– Мынау сойысыңыз, батыр, мына жылқыны сауын қыларсыз, – дейді әлгі жылқышы. Сөйтсек, «Ақтөбе» колхозының палуанға беріп жіберген малдары екен».

(Әуелбек ҚОҢЫРАТБАЕВ. «Күш атасы» естеліктер жинағы. Алматы, Қазақстан, 1990 жыл.)

Өмірінің соңғы жылдарында палуан торығып елінің басшыларына арыз жазуға мәжбүр болады. Жоғарыдағы басшылар бір-біріне сілтеп, өтініш-тілегін ат үсті етеді. Онсыз да тағдыр тәлкегіне түсіп жүрген ел ардағының сағын сындырғысы келген бір ауылдасы:

– Қажеке, сізді бүкіл дүние жүзі таныды. Кезінде, палуандық жолда жүргенде қаншама қаражат түсті қолыңызға. Соған мән бермей, жетім-жесірлерге, ғарып, жарымжандарға қайырымдылық жасап үлестірдіңіз. Соғыс жылдары жеке қаражат жинап, ұшақ жасаттыңыз. Сол байлық бүгінгі қартайған шағыңызға жетпегеніне өкінбейсіз бе? – деп сұрапты.

Тосыннан қойылған бұл сұраққа іштей ашуға булыққан Қажекен сабырмен:

– Әй, не оттап отырсың? Мен еліме жасаған қызметімді бұлдаған емеспін. Өнерімді көрген халқым, сені емес мені мәңгі естерінде сақтайды. Оның рас, бүкіл өмірімді халқыма арнадым. Ұшақ жасауға халқыммен бірге қаржы жинадым. Жасаттым да, мен болмысымда қара бастың қамын ойлаған адам емеспін. Әлі де солаймын, көппен көрген ұлы той, не көрсем де халықпен бірге көрем. – Ол осы ойын жыр шумақтарымен жалғастырып:

Қиналсам да қайыспаймын,

Қиындыққа майыспаймын.

Қажы Мұқан атым барда

Сендейлермен алыспаймын.

Намыспенен ар ұстаймын, –
деп орнынан тұра беріпті.

Қажекеннің қазақ билерінің ішіндегі ерекше пір тұтатыны Есет би Көтібарұлы болыпты. Оның жастарға айтқан ғибрат термесін палуан қайтыс боларының алдында арнайы тапсырмамен сол кездегі Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ауыл

жастары ісі және спорт комитетінен барған Мағда Ғариф Мәубаевқа әңгіме арасында айтқан екен:

Қартайдым да, қор болдым,

Күн сенікі, достарым.

Кәрілікке жеткізсе,

Талайды көрер бастарың,

Заманымда өзімнің

Еңсеріскен ер едім.

Белсеніскен бел көрдім,

Жасанысқан жау көрдім,

Тізелескен дау көрдім,

Үрікпедім, сасапдым,

Бір өтірік болмасым,

Тағаным тайып қаппадым.

Түгел ердің жолдасы,

Тілектес болған дос жарым.

Сол дәулеттің тұсында,

Самарқандай сапырып.

Шапқан шөптей жапырып,

Аспадым да, таспадым.

Қанды көйлек жолдасты,

Сары алтындай сақтадым.

Менің көрген затым бұл,

Төкпей-шаппай қолданып,

Ортаңа сүйреп тастадым.

Өте қызықшыл адам болатын

Анамның айтуынша, Қажекен қызықшыл адам болыпты. Үйіне керекті заты болмай қалса, айқайлап, көрші-қолаңды шақырып алады екен.

Жаз шыға ауылдың кей адамдары Бөген өзенінің бойынан кепе қазып, салқын болсын деп сонда отырады екен. Қажекендер де көшіп барса керек. «Бір күні палуанның үй жағынан шаңшұң еткен жаман дауыс естілді», – дейді анам. Әйелі Мүнәйімді ұрып жатыр екен деп абысындарының үйіне жетіп, есігінен сығалап қараса, палуан жастықты ұрып жатса керек. Бос жастықты ұрғылауының себебін сұраса: «Үйге ешқайсың келмей қойдыңдар ғой. Сендерді келтіру үшін әдейі жасадым», – депті.

Ал біреумен серттескенде ғана болмаса, былайынша, бір кісілік қана тамақ ішеді екен. Қажекеннің Ақтөбе ауылынан Темірлан селосына қоныс аударуы туралы әркім әртүрлі жорамал айтады. «Темірлан сулы, нулы жер әрі үлкен жолдың бойы», – деп ағайындары да қолқа салса керек. (Мамыр Тәшімбетовтің жазбасынан).

Дайындаған С.САҒЫМ.





Отандық баспасөз саласында елеулі еңбек еткен, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ардагер-журналист Ханымбүбі Ақжолова 100 жасқа толды.



БІР ҒАСЫР БИІГІНДЕ

Журналистика бөлімінің ең алғашқы қарлығаштарының бірі атанған тарланбоздың мерейтойы елеусіз қалмады. Ардагер журналистке Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы Алғыс хатын қаламыздағы «Достық үйінде» Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева өз қолымен табыстады. «Сіз ғибратты ғұмыр жолыңыздың бүгінгі бір ғасырлық белесіне үлкенге де, жасқа да үлгі болатын адами биік болмысыңызбен жетіп отырсыз. Отандық баспасөз саласында көп жыл қажырлы қызмет етіп, еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға орасан зор еңбек сіңірдіңіз. Ел игілігі үшін атқарған жемісті жұмысыңыз үшін сізге алғысымды білдіріп, 100 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Деніңізге саулық, әулетіңізге амандық тілеймін», – делінген Алғыс хатта.

Сонымен қатар, министр өзінің жүрек-жарды тілегінде: «Сіз бүкіл саналы ғұмырыңызды қазақ журналистикасының дамуына арнадыңыз. Сондықтан өзіңіздің төл салаңыз – баспасөз заманмен бірге өсіп-өркендеп, өз орнын жоғалтпай келеді. Мұның өзі, ең алдымен, өзіңіздей ардагер-журналистер салған сара жолдың жемісті жалғасы екені даусыз. Сондықтан бүгінгі

мерейтойыңыз әулетіңіздің ғана емес, біздің ұлттық журналистиканың ортақ қуанышы», – деп атап өтті. Ал өз кезегінде Ханымбүбі Ақжолова Мемлекет басшысының ыстық ықыласты құттықтауына ризашылығын білдіре отырып, «Бір ғасыр биігінде» атты жаңа кітаптың бір данасын Президентке жолдады.

Ханымбүбі Ақжолова Алматы облысында дүниеге келген. 1944 жылы ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түсіп, әдебиеттанушы, профессор Мүсілім Базарбаев, атақты ғалым, жазушы-журналист Мұқан Мамажанов, жазушы Кемел Тоқаев сынды болашақ танымал тұлғалармен қатар оқып, білім алған. 1949 жылы білім ордасын қызыл дипломмен тәмамдап, республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде ұзақ жыл бойы қызмет атқарған. Кейіннен туған жеріне оралып, Жамбыл аудандық «Большевиктік жол» («Екпінді еңбек») газетіне редактор болып тағайындалып, қажырлы еңбек етеді. 1971 жылы зейнет жасына жетіп, «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» құрметті атағын иеленген.

Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

«ЖАҢҒЫРЫҚ» ЖАЛҒАСАДЫ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінен Алматыға арнайы келген делегация таяуда өмірден өткен белгілі режиссер Сатыбалды Нарымбетовтың «Жаңғырық» кинокартинасын аяқтайтын қоюшы-режиссерді бекіту бойынша түпкілікті шешімін қабылдады.



Бұған дейін Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова фильмнің қоюшы-режиссері ретінде марқұм режиссердің ұлы Асқар-Мұхит Нарымбетовты ұсынған болатын.

Сатыбалды Нарымбетовтың поляк жазушысы, революционер және этнографиялық құндылықтарды жинаушы Адольф Янушкевичтің тағдыры туралы сыр шертетін «Жаңғырық» картинасы 2019 жылғы ақпанда өндіріске жіберілген. Картинаның жалпы бюджеті 640 000 000 теңгені құрады, оның ішінде сол жылы түсірілім тобы дайындық алдындағы және ішінара дайындық кезеңдерінде 240 926 000 теңгені игерген. 2019 жылғы қарашадан бастап аталған киножоба киностудияның сол кездегі басшылығының бұйрығымен консервацияға қойылған. Былтырғы наурызда министрлік пен «Қазақфильм» арасында шарт жасалып, оның шеңберінде «Жаңғырықты» шығаруды жалғастыруға қалған соманың 30%-ы бөлінген. Алайда, пандемияға және елдегі карантинге байланысты түсі-

рілім барысына өзгерістер енгізілді. Картинаның түсірілімі авторлардың ойынша тек Қазақстанда ғана емес, Венгрияда да өтуі керек болған. Сонымен қатар, Адольф Янушкевичтің роліне актер, Польша азаматы Петр Полак бекітілген.

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Мәдениет және спорт министрлігі мен Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ арасындағы №32 шарт бұзылды. Аванс толығымен мемлекеттік бюджетке қайтарылды.

Биыл «Қазақфильм» Мәдениет және спорт министрлігіне толықметражды көркем фильмді аяқтауға қосымша өтінім берді. Сөйтіп, «Жаңғырықты» қаржыландыру мәселесі 2021 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарылды және қолдау тапты. Ал кинокартинаны аяқтау марқұм режиссердің ұлы Асқар-Мұхит Нарымбетовке бірауыздан сеніп тапсырылды.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бала күнімізде бір үйдің балалары бір-біріміздің киімімізді киіп өстік. Оның ешқандай әбестігі жоқ. Ал туыстың емес, басқаның киімін киер ме едіңіз?

Бүгінде шаһарда бөтеннің, бөтен болғанда да мұхиттың арғы жағындағы шетелдіктердің киіп тастаған киімдерін сататын дүкендер көп. Оларды «Секонд-хенд» (second hand – ағылшын тілінен аударғанда «екінші қолдан шыққан» дегенді білдіреді) дейді.

Жолымда кезіккен «Секонд-хенд»-ке бас сұқтым. Бұл ғимараттың ішінде қандай тіршілік бар өзі деген әуестікпен. «Қазір кез келген дүкен-базардан қалаған су жаңа киіміңізді сатып ала аласыз, ал ескі киімдерді кімдер алады екен? Тұрмысы төмендеу жандар шығар, ә?» деген де ой болды.

Ішінде жеті-сегіз адам жүр екен. Екеуі ер адам. Кірірімді кіріп алып, тосылыққырап қалдым. Өйткені, ескі бір әлемге тап болғандай сезімде қалдым. Кері бұрылып кетуге алдымнан шыққан бойжеткеннен (сол жердің қызметкері) қысылып қалдым да, тұтынушы ретінде кейіп танытып, аралап кете бардым. Бірақ киімдер әп дегеннен-ақ тартпады. Жұпынылау көрінді. Неткен көп киім өзі?! Бірақ бәрі әдемілеп, жеке-жеке киім ілгішке іліп қойған. Мұның бәрі сатыла ма сонда, өте ме, тұтынушысы бар ма?

Неде болса, көкейімдегі сауалдарымды қоюға бекіндім. Өзін Аида деп таныстарған кассир қыз пысық екен, «мұның бәрі сізге не үшін керек?» деп өзімді састырғаны.

– Шынымды айтсам, мына жер көңілімнен шықпай тұрғаны. Еуропадан әкелінген киімдер дейді, олпы-солпы, көбісі үлкен өлшемді, қап сияқты, толық кісілерге арналған киімдер ме, қалай? Мен күткендей көп адам да жоқ екен, – деймін атшаптырым залға тағы бір байайлай қарап.

– Сіз қазір жаңа тауарлар әкелінетін күннен бір күн бұрын келіп тұрсыз. Ел қалағанын алып кеткен осының алдында. Бұлар талғампаз тұтынушылардан қалғаны. Сенбі келсеңіз болады, жаңа «завоз» болады. Адам да көп болады, – деді сатушы қыз.

– Көп болғанда қанша сонда?

– Таңғы есігіміз ашылмай жатып тұрады қалың жұрт ішке ентелеп.



ТАЛҒАМҒА ТАЛАС ЖОҚ немесе «секонд-хенд» туралы не білгеніңіз бар?

– Сонда қандай киімдер өтімді?

– Бәрі өтеді. Алғашқы «завозда» мүлдем «скидка» болмайды, өз бағасына сатамыз. Себебі, мұнда тек бренд киімдер әкелінеді ғой. Киімді көзі танитындар бағасына да қарап жатпайды. Әйелдердің, ерлердің, балалардың да киімдері сатылады. Мысалы, Еуропада біз сияқты бір киімді 3-4 жыл киіп жүріп алмайды, бір маусым ғана киюі мүмкін, сосын өткізіп жібереді (Біз осылай сөйлесіп тұрғанда, екі-үш әйел төрт-бес киімнен алып кетіп жатты).

– Байқауымша, зейнет жасындағы кісілер көп жүрген сияқты.

– Бізге барлық жастағы адамдар келе береді. Әлеуметтік желілердегі танымал блогерлер де, актерлер де келеді. Бізге бір актер тұрақты келіп тұрады, бойы ұзын, дүкендерден өзінің өлшеміне сай киім таппайды екен, сосын бізге келеді және іздегенін табады.

– Ертең жаңа «завоз» болады дейсіз, сонда мына ілініп тұрған сан мың киімді қайда жібересіздер?

– Қоймаға кетеді.

– Ал оларды көпбалалы немесе әлеуметтік жағынан қиналып жүрген отбасыларға беруге бола ма, тегін?

– Беріп көргенбіз. Көбісі алмайды. Сосын қойдық. Бізге тек жағдайы төмендеу, ақшасы аздау адамдар келеді деген ұғым жоқ, бізге сәнді киінгісі келетіндер, ешкімге ұқсағысы келмейтіндер көп келеді. Мысалы, сіз базар-

дан сатып алған көйлекті ертеңіне тағы бірнеше адам киіп шығуы мүмкін. Ал мұнда бір ғана, ешкімге ұқсамайтын киім сатылады, сонысымен құнды.

– Өздеріңіз ше, осыдан киінесіздер ме?

– Иә, әрине, ұнаған киімдерді алып киеміз біз де, – деді Аида.

Иә, бүгінде еліміздің ірілі-ұсақты қалаларының бәрінде «Секонд-хенд» дүкендері бар. Олардың бәрі пайда тауып отырғаны анық. Өйткені, сұраныс болмаса, бұлайша барлық өңірде ашылмас та еді.

Мұндай дүкендерден күнделікті киімдерден бастап, кешкі көйлектерге дейін табуға болатын көрінеді. Сәнді сөмкелер, белдіктер, тағы бірнеше жылға киіс беретін таза былғары аяккиімдер де жетерлік, тек аяғыңыздың өлшеміне келетін болса жетіп жатыр.

Мамандар «секонд-хенд» киімдерін кию үшін оларды тұзды суда жуып барып, пайдалануға кеңес береді. Бірақ әлгі кассир қыздың айтуынша, Еуропадан келетін киімдердің бәрі тазаланып, жуылып, бүктеліп, қатталып келеді. Айтпақшы, шет елде «Секонд-хендке» тауарлар коммерциялық және коммерциялық емес жолмен жиналады. Алғашқылары киімдерді сатып, өздері пайда тапса, екінші құрылым тапқан табыстарын экономикасы нашар дамыған елдерге азық-түлік, дәрі-дәрмек алуға жұмсайды екен.

«Секонд-хенд» ішіндегі бірер адамды сөзге тартқымыз келіп еді, жауап беруге ешкім құлық танытпады. Аиданың айтуынша, мұнда келетіндер көптің көзіне түскісі жоқ. Тек өзін Вера Васильевна деп таныстырған әйел ғана тілге келді.

– Мен мұнда жиі келіп тұрамын. Зейнетақымы аз. Сондықтан ақшам тамағымнан, дәрі-дәрмегімнен артылмайды. Ал мұндағы киімдер арзан. 90 пайызға дейін «скидка» бар. Әрі сапалы. Бір келгенде бірнешеуін бірақ сатып аламын. Денеге жайлы, жұмсақ, таза мақтадан тігілген бәрі. Ал біздің базарлардағы қолжетімді киімдердің көбі синтетика болып келетіні өтірік емес. Мынадай күннің ыстығында онымен жүру өте қиын. Әсіресе, біз сияқты жасы келген адамға. Мына мен алып тұрған футболка, кең шалбарлардың бояуы шықпайды, сапасы жоғары. Мысалы, бала біткен тез өсіп кетеді. Оларға қымбат киім алып керек емес деп ойлаймын. Тез өседі. Сондықтан бұл жер, әсіресе, ойын баласына ойланбастан киім алуға таптырмас жер. Солай, – деді ол.

Әрине, «секонд-хенд» – әркімнің жеке таңдауы. Талғамға талас жоқ. Өмір болған соң түрлі адам, түрлі көзқарас, түрлі жағдай болады. Ал біз өз кезегімізде кім-кімнің де таңдауына құрметпен қараймыз. Себебі, бұл – өмір.



COVID-19: МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Алексей ЦОЙ,
ҚР Денсаулық сақтау министрі:

Вакцинаның бәрі қауіпсіз



Министрдің айтуынша, маусым айындағы жағдаймен салыстырғанда шілденің соңғы екі аптасында індет жұқтырғандардың саны 4,8 есеге көбейген. Вирус жұқтырғандар санының өсуіне және денсаулық сақтау жүйесіне түскен салмақтың артуына байланысты шілде айында қосымша 10 мың төсек-орын әзірленді. Қазіргі уақытта 21,4

мыңға жуық орын резервте тұр. Бұл туралы ол Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

Сондай-ақ, вакциналардың қалай сақталатыны туралы да атап өтті. «Қазір елімізде егіліп жатқан вакцинаның бәрі қауіпсіз және тиісті температура жағдайында сақталуда. 0-ден -8 градусқа дейін температурада сақталатын вакциналарға да, -20 градусқа дейінгі температурада сақталатын екпелерге де қажетті тоңазытқыштар қамтамасыз етілген. «Pfizer»-ге келетін болсақ, бұл вакциналарды сақтайтын қосымша қондырғы сатып аламыз. Осылайша ол екпені де қажетті суықтықта сақтай аламыз. Вакциналардың бәрі ел ішіне енгеннен кейін арнайы трекермен бірге жөнелтіліп отырады. Ол трекерде вакцинаның айналасындағы температура көрініп тұрады. Көлік ауыстырса немесе көліктен тоңазытқышқа түсірілсе, температура өлшенеді. Ол үшін арнайы журнал жүргізіледі. Арнайы оқытылған, жауапты адамдар бар. Солар вакцинаның сақталуын қадағалап, тексеріп отырады», – деді А.Цой.

Жандарбек БЕКШИН,
Алматы қаласының мемлекеттік Бас санитар-дәрігері:

«Ashyq» тиімділігін көрсетті



Алматыда өткен аптада карантин талаптары күшейтілді. Неліктен? Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте Алматы қаласының мемлекеттік Бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин түсіндірді.

«Өйткені, бізде иммундық қабат әлі де қалыптаспаған. Қаладағы жағдайды тұрақтандыру үшін халықтың 70%-ы вакцина алу қажет. Бүгінде біздегі мәлімет бойынша иммундық қабат 40%-ды құрайды. Коронавирус имундалмаған және ауырмаған азаматтар арасында таралып жатыр», – деді Ж.Бекшин.

Вирустың бұлайша күрт өршуі «дельта-мен» байланысты. Бұл штамм КВИ-дің өте жылдам тарайтын әрі ауыр өтетін түрі.

Алмаз ШАРМАН,
Қазақстанның профилактикалық медицина академиясының президенті, вирусолог:

Жалғыз жол – екпе алу



Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте профессор «дельта» штаммын жеңу үшін де ұжымдық иммунитетті қалыптастырудың маңызды екенін айтты. «Бүгінде Қазақстанда халықтың тек 16%-ы ғана екпенің 2 компонентін алған. Бұл – өте аз көрсеткіш. Демек, халықтың 85%-ы вакцина алмағаны. Бұл – мутацияланған жаңа «дельтаның» таралуы үшін қолайлы орта», – деді вирусолог.

Қазақстанда 12–18 жас аралығындағы балаларды «Pfizer» препаратымен вакциналау мәселесі қарастырылуда. Алайда, ғалымның пікірінше, алдымен ересек тұрғындарды жаппай вакциналау қажет. «Менің білуімше, қазір «Спутникті» жасаушылар 12 жастан 16 жасқа дейінгі балаларға клиникалық зерттеулер жүргізуде. «Moderna» компаниясы да осындай сынақтар жүргізеді. Халықтың жартысы вакцинаның екі дозасын алған елдер үшін бұл мәселе өзекті болуы мүмкін. Ал жоғарыда айтып өткенімдей, Қазақстанда ересектердің тек 16%-ы ғана екпе алды. Сол үшін балаларды вакциналау туралы айтуға әлі ерте. Ең бастысы, ересек тұрғындарды 50%-ға дейін вакцинамен қамтуды арттыру керек», – деді А.Шарман.

Демек, бұл індетпен тез күресудің жалғыз жолы – кең көлемді жеделдетілген вакцина. Ал бүгінде коронавирустың жастарға да жиі шабуылдай бастағанын ескерсек, иммундық жүйені жаттықтыру үшін жаппай вакцина алуымыз керек.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Ақжаркын-Сәрсенбек ОРАЗӘЛІ,
Қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі:



– Мен вакцина салдыру туралы шешімді саналы түрде қабылдадым. Нұр-Сұлтан да тұратын ұлымның соңғы қонырауынан кейін бірден екпе алдым. Ол досының әкесі коронавирустан қайтыс болғанын айтты. Мен балаларым мен немерелерімнің ауырғандығын

қаламаймын. Сондықтан емханаға тіркеліп, 4 сәуірде вакцинаның бірінші компонентін салдырдым. Кейінірек 21 күннен кейін екінші компонентті алдым. Қазіргі таңда бойымда жанама әсерлер болған жоқ, тек инъекцияның орны сәл ауырды. Былтырғы жылы театрлардың жабылатынын білгесін, онлайн форматта жұмыс істедік. Спектакльдерді тікелей эфир мен жазбалар арқылы көрсете бастадық. Көрсеткіштерсіз қойылымдарымыз актерлардың көңілін түсірді. Сол кездерде осы індетке қарсы тұратын дүние болса ғой деп армандадық. Тілегіміз орындалып, бұрынғыдай қалыпты өмірге оралуға үлкен мүмкіндік туды. Екпеден қорықпай, денсаулығымызды қауіпті вирустан сақтайық.

Арман МАСАБАЕВ,
Алматы тұрғыны:



– Біз тұратын көпқабатты үйде 20-ға жуық тұрғын екпе алды. Олардың арасында өзім де бармын. Содан бері аптаға жуық уақыт өтті. Вакцина алған кезде болуы мүмкін деген жағымсыз реакциялардың (ыстықтың көтерілуі, бас ауруы, бас

айналуы) бірде-бірі менің бойымнан байқалмады. Тек инъекция алған орында гиперемия болды. Өріптестерімнің де жағдайы жақсы.

Екінші кезеңдегі екпені тамыз айының 3-і күні салдырамыз. Екпенің арқасында үйіміздегі балапандарды, қарт аталарымызды екпеден қорғаймыз деген сенімдемін. Қарапайым тұрғын ретінде халықты вакцина салуға шақырамын. Себебі, бұл коронавирус індетіне тосқауыл қоюдың бірден-бір жолы.

Әзірлеген
А.ТҮРЛЫҒАЗЫҚЫЗЫ.

Той-томалақ тоқтамай тұр



Айнұр
СЕНБАЕВА

Қалада 40 мониторингтік топ жұмысын жалғастыруда. Демалыс күндері олардың жұмысы тіпті күшейтілді.

Мегалполистегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал КВИ-дің мутацияланған «дельта» штамына байланысты ушыға түсуде. Алматыда өткен тәулікте коронавирус инфекциясының 1219 жағдайы тіркелген.

Карантин шектеулері жұмыс режимі мен келушілер арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтамайтын ойын-сауық орындарында жиі анықталады. Өткен демалыс күндері Бостандық ауданының мониторингтік тобы Дулати көшесінің бойында орналасқан 18 мейрамхана мен банкет залын тексерді. Екі мекемеде карантиннің бұзылуы анықталды. «Ві Кипс» салтанат залында 85 қонақтың қатысуымен құдалық өткен, ал «Ұлытау» мейрамханасында 45 адамға есептелген туған күн өткізілген. Той ұйымдастырушылары ҚР Әкімшілік кодексінің 425-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Тәртіп бұзушылар тізімінде Медеу ауданындағы «Атмосфера» мейрамханасы да бар, онда 24 шілдеге қараған түні 100-ге жуық адам болған. Наурызбай ауданындағы «Гранада Холл» мейрамханасында да бұзушылық тіркелді, онда салтанатты іс-шараға 100-ден астам адам жиналған. Сол ауданда «Самир» мейрамханасында 100-ге жуық қонақ болған.

Алматы ауданындағы «Кино» кафесінде де карантин талаптары бұзылды, онда



60 адам болған. 25 шілдеде түн ортасында Медеу ауданының «Late night show» барында 110–120 адам жиналған.

Тәртіп бұзушылардың тізіміне Наурызбай ауданының «Бақ сарай» мейрамханасы да ілінді, онда 100 қонақ болған. Сондай-ақ, 90 келуші болған «Сұлтан сарай» мен «Нұр-Ай» мейрамханаларында бұзушылықтар анықталды.

Әуезов ауданының мобильді топ өкілдері 24 шілде күні «Жетісу-4» шағынауданындағы «Веселидзе» дәмханасындағы бұзушылықтарды анықтады. Жазғы террасада келушілердің саны 50%-дан асуына байланысты карантин шектеуі бұзылды. Сондай-ақ, қызметкерлер келушілерге бетпердесіз қызмет көрсеткен.

Жалпы, жыл басынан бері карантиндік шараларды бұзған 2767 нысан анықталып, 4798 хаттама толтырылды. Занды тұлғаларға 167 млн. теңгеден астам сомаға 479 хаттама жасалды. Жеке тұлғаларға қатысты бетперде режимін бұзғаны үшін 190 млн. теңгеге жуық сомаға 4319 хаттама толтырылды.

1 тәулікте 2250 адам вакцина алды

2021 жылдың 25 шілдесіндегі жағдай бойынша коронавирус инфекциясының 1219 жаңа жағдайы тіркелді (жергілікті), оның ішінде 1094-інде симптомдық белгілері бар, ал 125-сі симптомсыз.

Барлық емделіп шығарылғандар – 178, келіп түскені – 372. Инфекциялық стационарларда (6190 төсек-орын) жалпы саны 3923 адам (оның ішінде 238-і бала) емделіп жатыр.

Бүгінгі таңда МСАК пен Телемедицина орталығы дәрігерлерінің бақылауында 7403 науқас, олардың ішінде жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде – 6960, симптомсыз 443 адам бар.

Алматы қаласы бойынша бір тәулік ішінде 2250 адам вакцина алды. 1 апқан мен 25 шілде аралығында қала бойынша екпенің 1-ші компонентін 680 722 адам алған. Вакцина алғандардың 95 813-і жасы 60-тан асқан қарт кісілер.

Бүгінгі таңда Алматыда медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдениет, спорт объектілерінде, базарларда және қаланың СОСО-да 212 вакциналау пункті жұмыс істейді. 308 вакцинация бригадасында 1260 медицина қызметкері жұмылдырылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ



КОВИДТІ ЖЕҢЕТІН №1 ҚАРУ

АҚШ жеріндегі эпидемиалар мазірі емес. Жергілікті мамандар осылай деп дабыл қағып отыр. Әсіресе, жастар вакцина алуға немқұрайлы көрінеді.

Алабама – екпе алу көрсеткіші бойынша АҚШ-тағы ең төменгі орында тұрған штат. Халықтың 33%-ы ғана вакцина салдырған. «Вакцина – ковидті жеңетін нөмірі бірінші қаруымыз. Қазіргі қиын кезеңнен аман өтуіміз үшін вакцина алу керектігін айтып-ақ жатырмыз, бірақ тыңдайтын адам жоқ көрінеді. Билікте отырғандар да саяси талас-тартыстарын қоя тұрып, вакциналаудың қаншалықты маңызды екендігін халыққа жеткізу керек», – деген дәрігер А.Марти алаңдаушылық білдірген. Оның айтуынша, ауруханаға түсіп жатқандардың көбісі 20–39 жас аралығындағы жастар. Оған қоса, науқастардың 85%-ы «дельта» жұқтырғандар.

Бүгінде АҚШ-та коронавируспен ауырғандардың саны бір күнде 45 мыңнан асып жығылады.

ҰЛЫБРИТАНИЯ мемлекетінде коронавирустың жаңа штамы тіркелді. Оны жұқтырғандардың дені – жуырда шет елден оралғандар.

Бұл штамға әлі атау берілмеген. Негізі, ол ең алғаш рет Биылғы қаңтарда Колумбияда тіркелген екен. Осы күнге дейін әлі атаусыз штамм 26 елде расталып отыр. Британдық мамандар вирустың бұл түрі ауыр өтетінін, не вакцинаның тиімділігін төмендететінін растайтын ақпарат жоқ дейді. Оларды әзірге «дельта» көбірек алаңдататын сыңайлы. Оған негіз бар. Өйткені, ДДСҰ өкілдері алдағы уақытта «дельта» әлемдегі басым штаммға айналатынын айтып отыр.

ИТАЛИЯ билігі Биылғы жылдың соңына дейін жабық нысандарға, оның ішінде дәмханалар мен мейрамханаларға вакцина алғандарды ғана кіргізу туралы шешім қабылдап отыр. Сондай-ақ, ұшақтар мен пойыздарға отыру үшін «жасыл куәлік» қажет.

Бұл елде «жасыл куәлікке» қол жеткізу үшін екпенің бір дозасын қабылдаса жеткілікті. Алайда, екінші дозаны алмаған жағдайда куәліктің күші жойылады.

ТОКИО елінде өтіп жатқан Олимпиада ойындарында Нидерландтан келген спортшыда жарысқа қатысқаннан кейін КВИ анықталған. Дүбірлі дода басталғалы мұндай оқиға бірінші рет тіркеліп отыр. Негізі, осыған дейін де атлеттер арасында індет жұқтыру деректері расталған болатын. Бірақ олардың барлығы спортшылар жарысқа жіберілмей тұрып анықталған.

ШЕШЕНСТАН жерінде екпе алғандығы туралы жалған паспорт иеленгендерге вакцина мәжбүрлі түрде салынды.

Полициялар жалған сертификаттар жасаумен айналысқан 63 жастағы ер адамды ұстаған. Ал ол болса вакциналау паспорттарын нақты кімге сатқанын айтып берген. Сөйтіп, құқық қорғаушылар әрқайсысының үйіне барып тұрып, олардан КВИ-ге қарсы вакцина салдыруын талап еткен. Өйтпесе, қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны ескертілген. Осылайша 10-ға жуық тұрғын екпе алуға мәжбүр болған.

СЕУЛ жерінде коронавирусқа қарсы карантиндік шектеу іс-шаралары тағы ұзартылды.

Соңғы бір күнде бұл аймақта 2 мың адам КВИ жұқтырған. Бұл шілде айының бас кезіндегі көрсеткіштен 2 есе артық көрінеді. Бұл көрсеткіштерді де сарапшылар «дельтамен» байланыстырып отыр. Коронавирусты ең көп жұқтыру дерегі Сеул қаласы мен оған қарасты аудандарда тіркеліп отыр.

АВСТРАЛИЯ билігі Сидней қаласы мен оған қарасты округтегі індеттің өршуін «ұлттық деңгейдегі төтенше жағдай» деп мәлімдеді.

Жаңа Оңтүстік Уэльс штатының премьері жұқпалы дертпен күресу үшін Сиднейге шұғыл түрде вакцина жеткізуді сұрады. Ресми мәліметтерге сүйенсек, бұл аймақта соңғы бір күн ішінде 140-тан астам адам вирус жұқтырған.

ҮНДИСТАН мемлекетінде алдымыздағы күзде балаларға да КВИ-ге қарсы вакцина салынуы мүмкін. Ол үшін жергілікті 2 фармкомпания құзырлы органдардың рұқсатын күтіп отырған көрінеді. Егер мақұлданса, балаларға екпе егу жұмыстары қыркүйекте басталуға тиіс.

Айтпақшы, бұл елде КВИ-ден емдейтін алаяқтар көбейіпті. Елдегі бақсылардың бірі «адам денесіндегі вирусты шоқ темірдің қызуымен қуып шығамын» деп жар салған екен, алдына барушылар бірден көбейіп сала берген. Салдарынан аз күннің ішінде 1000-нан астам адам ауруханаға түскен, 13-і көз жұмған. Елде соңғы 1 жылда осындай жүздеген алаяқ бақсылар пайда болған. Бір сеансы кемінде 1000 рупий (шамамен 15 доллар) тұрады.

Ал жарты жыл бұрын 6 штатта құмырсқаларға шақтырып емдеу кең таралған екен. Денесі уланған көп адам мүгедек болып қалыпты. Кейін аскорбин қышқылы қосылған жыланның уы да ем ретінде пайдаланылды. Қазір ол тәуіптер түрмеде отырған көрінеді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

АБАЙЛАҢЫЗ: АЛАЯҚ!



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Алаяқтардың жаңа схемасы туралы Алматы полициясы ескертті. Авантюристер Instagram қолданушыларының әлеуметтік медианы дамытуға деген қызығушылығын пайдаланады.

– Алаяқтар, әдетте, сізді абоненттер санының өлшемі бойынша таңдайды. Инстаграмның кез келген қолданушысы «көк белгі» мәртебесін алғысы келеді. Ол сіздің парағыңыз жалған емес және оны Instagram әкімшілігі растайды дегенді білдіреді. Олар алдымен құрбан болатын адамды тауып алып, жалған парақшадан direct sms-ке сіз бақытты екеніңізді және сізге «көк белгі» мәртебесі берілгенін, ол үшін сілтеме бойынша өтіп, Instagram-нан өз құпия сөзіңізді енгізу керектігін айтады. Құпия сөзді енгізе отырып, сіз автоматты түрде сіздің өтініміңіздің қабылданғаны және үш күн ішін-



де қаралатыны туралы контексті бар бетке түсесіз. Бірнеше сағаттан кейін сіз өзіңіздің парағыңызға кіруді толығымен жоғалтасыз. Осыдан кейін сіздің ұялы телефоныңызға немесе WhatsApp-қа бет бұзылғаны және 200-ден 1000 АҚШ долларына дейін белгілі бір соманы төлеу керек деген хабарламалар келе

бастайды, – деді қалалық полиция департаменті бастығының орынбасары Рустам Абдрахманов.

Тек соңғы бірнеше күннің ішінде Алматы полициясына аталған схема бойынша интернет-алаықтық фактісі бойынша алты адам арызданған. Осы ретте тәртіп сақшылары көпшілікті сақ болуға шақырды.

СОТТАСУ

«сүйікті іске» айналып барады



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Қазіргі жастардың хоббиі – шағымдану және мағынасыз бос әңгімелер». Бұл – америкалық әзілкеш Джордж Карлиннің сөзі. Хоббидің мұндай түрі тек жастардың ғана емес, жалпы қоғамдағы халықтың хоббиіне айналғаны жасырын емес. Шынымен, бір-бірін сотқа сүйреумен не абырой, не бедел артпайтынын білсе де, кейбіреулер қит етсе, негізсіз сотқа беріп жатады. Бүгінде сот арқылы шешілмейтін мәселе

жоқ. Тұрмыстық, азаматтық дау-дамайлар, әкімшілік, күрделі даулар, сондай-ақ барлық қылмыстық іс тек сотта қаралады. Туындаған жанжалды бағалау арқылы екі жаққа бірдей ортақ шешім қабылдап, дауды сотқа жеткізбей өзара татуластыратындарды медиаторлар дейді. Қоғамдағы қит етсе, сотқа жүгіну-шілік осындай мамандардың барынан хабарсыз болудың салдары екені бек мүмкін.



Дана АҚӘДІЛҚЫЗЫ,
«Қазақстан кәсіби медиаторлары мен құқықтық кеңесшілерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті, жаттықтырушы-медиатор:
– Дау жүрген жерде ауыз-біршілік болмайтынын, татулығы жоғалған елдің тыныштығы бұзылатынын баршамамыз жақсы білеміз. Қоғамның санасын ұлттық құндылықтар негізінде заман ағымына сай бейімдеп жаңғырту – баршамамызға жүктелген міндет.

Қоғамдық сананы жаңғырту жөніндегі бастамалардың бірі – халқымызды құқықтық мәдениетке баулу әрі заңға негізделген қарым-қатынас орнықтыру міндеттеріне келіп тіреледі.

Қазақстан Республикасында «Медиация туралы» Заңның қабылдануы өркеніет көшіне батыл бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі. Негізінен айтқанда, бұл заң қазақ халқының дәстүрлі билер мен ата-бабалар тағылымын, әдет-ғұрып тәжірибесін қалпына келтіруге жасалған игі қадамдардың бірі. Себебі, медиатор – бұл

бітімгер, яғни тараптар арасында дауды өзара келісе отырып, бейбіт жолмен шешуге ықпал ететін бейтарап тұлға. Медиаторлардың негізгі мақсаты – тараптардың арасында туындаған даулы мәселені ұшықтырмай, ерікті түрде ортақ келісімге келтіріп, дауды сотқа жеткізбей, бейбіт келісімге келтіру.

Бүгінде бүкіләлемдік пандемияның ұшығып, адами құндылықтар бағаланып, адамгершілік қағидалары басымдық алатын уақытта, сотқа арыздардың келіп түсуі толастаған емес. Басым бөлігі неке қатынастарынан туындайтын даулар болса, одан соң қарыз ақша өндіру, онлайн қарыз түрлері бойынша тартысулар көбейген. Бұл орайда, отбасы қатынастарынан туындайтын даулы мәселелерде қарым-қатынасты сақтап қалу маңызды дер едім.

Маман ретінде дау басталған уақытта шешімін бірден соттан ұсынамын. Сондай-ақ, кез келген азаматтық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған мәселелерді реттеуді сотпен емес, медиатордың көмегімен шешу тиімді. Себебі, тараптар медиаторлар

көмегіне жүгіне отырып, материалдық шығындарға ұшырамайды. Медиатор тараптардың ұстанымдарымен жұмыс жасамайды, ол тараптар мүддесімен жұмыс жасайды.

Ең бастысы, медиатордың бейтараптығы іске араласуға жол бермейді және құпиялылықты қатаң сақтайды. Бір-біріне талап қоюшы тараптар сотқа дейін де, сот барысында да медиаторға жүгіну арқылы өзара тиімді мәмілеге келе алады. Сотсыз, медиаторға жүгіну-ден қорықпау керек. Отбасылық қатынастардан туындайтын ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктердің барлығын дерлік медиация арқылы шешуге болады.

Медиацияның тетіктерін ұтымды пайдалана білсек, біз қоғамда орын алатын дауларды оңтайлы реттеп, ішкі бірлікті бекемдей аламыз. Негізсіз сотқа беру де азаяды. Медиативтік әдіс бізге таңсық болғанымен, оның мазмұны ежелден таныс ұғым.

Дау-дамай бұрын да болған, қазір де бар. Қай қоғамда, қай заманда өмір сүресек те, ең алдымен ынтымақты сақтай білуіміз керек. Медиация татулық пен тұрақтылықты көздейді.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Медиация – екі тарапты татуластыратын төте жол. XX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген дауды шешудің мұндай тәсілі АҚШ, Ұлыбритания, Германия елдерінде пайда болып, ал қазір Жапония, Қытай, Кореяда белсенді түрде қолданылады. «Медиация туралы» заң бізде 2011 жылы 5 тамызда қабылданды. Заңға сәйкес, медиаторлардың негізгі мақсаты – екі тарапқа мәселені өздері шешуге мүмкіндік беріп, бағыттау.

Елімізде медиаторлар көмегі әлеуметтік салаларда, әсіресе отбасы мәселелерінде кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, несие сияқты коммерциялық проблемалар да медиаторлардың көмегімен шешіліп жатыр.



ТОКИО-2020

Токио

Олимпиадасында Қазақстан қоржынына алғашқы жүлдені дзюдошы Елдос Сметов (60 келі) салды. Ол қола жүлде үшін белдесуде нидерландылық Торнике Тсакодеаны «алтын ұпаймен» жеңді.

«Алтын жүлде» тағдыры ұзақтау шешілді. Нидерланд бапкерінің өтінішімен белдесудің шешуші сәтін төрешілер қайта қарап, ақыры Сметовке ұпай дұрыс берілгенін растады. Елдос асықпай күтті. Шешім шыққан соң да сабасынан аспай, алдымен қарсыласына құрмет білдірді, сосын ғана қатты ширыққанын кілемнің ортасындағы шалт қимылымен ұқтырды. Дегенмен, бәрі ішінде тұр екен: кілем сыртында бапкері Ғ.Жылкелдиевтің қарсы алуы мұң екен, Елдос көз жасына ерік берді. Кәдімгідей солқылдай жылады.

Бұл көз жасының себебін жанкүйер жақсы біледі. 2016 жылғы Рио Олимпиадасының финалында Сметов ресейлік Беслан



Мудрановқа есе жіберді. Онда да белдесу тағдырын «алтын ұпай» шешті. Елге оралған соң Елдос

спорттан кетпейтінін, Токио Олимпиадасының алтынын алуға уақыты мен күш-жігерін арнай-

ЕЛДОС пен ДАРЬЯ: ЕКЕУГЕ ОРТАҚ ЕГІЗ МҰҢ

тынын айтты. Міне, төрт емес, бес жыл күтіп барғанда, Токио кілемі біздің батырға алтын емес, қола жүлде ұсынды. Иә, бабалар дүниетанымына салсақ, «адамның қай дегені болып еді...». Дегенмен, Сметовтің қола жүлдесін олқысынып жатқан қазақ жанкүйері жоқ. Бұл жүлде бізге алтыннан да бағалы.

Біріншіден, Елдостың қола жүлдесі – Токио Олимпиадасындағы қазақстандық спортшылардың жолашары. Яғни алғашқы толыққанды жарыс күнінде-ақ Қазақстан еншісіне бірінші медаль бұйырып, жарыс күнін бірден жүлде алған 20 ел қатарында аяқтады.

Екіншіден, Елдос Сметов – дзюдо спортынан олимпиаданың екінші жүлдесін жеңіп алған тұңғыш балуан. Бұған дейін Асқат Житкеев (2008 жыл, Бейжің) – күміс, Отгонсетсег Галбадрах (2016 жыл, Рио) қола жеңіп алған болса, Сметов 2016

жылғы күмісіне биыл Токио коласын қосып отыр.

Үшіншіден, Елдос Сметов – екі олимпиадада жүлдеге қол жеткізген жетінші қазақстандық спортшы. Оған дейін Е.Ыбырайымов, Б.Жұмаділов, А.Винокуров, Ә.Ниязымбетов, Г.Манюрова және И.Дычко қос олимпиадада олжа салды. О.Рыпакова үш олимпиаданың жүлдесін иеленді.

Украиналық әлем чемпионы Дарья Биллодид те дәл Сметовтей күн кешті. Ол Токиода 2019 жылы өткен әлем чемпионатында 48 келі салмақ дәрежесінде топ жарған еді. Араға екі жыл салып Токиоға қайта табан тірегенде, жартылай финалда жергілікті Ф.Тонакодан жеңіліп қалды. Қола жүлде үшін белдесуде Дарья израильдік Шира Рашонды «алтын ұпаймен» зорға тұқыртты. Сөйтіп, ол да кілем шетінде көз жасын аямай сығып алды.

Спорт дегеннің қиыны да осы: бүкіл өмірді арнайсың, бірақ бір ғана кателік мақсатқа жеткізбей қоюы мүмкін, керісінше, күтпеген бақ тұғырға шығаруы да ғажап емес. Қалай дегенде де, Сметовтің жолашар медалі қазақ спортшыларына ақжолтай болса деген тілегіміз бар.

БОКС

Үш шебер де алға адымдады



Бокс турнирі – Олимпиадалардағы ең ұзақ жарыстың бірі. Мұнда әр кезең арасында кемі екі күн өтіп, ашылу салтанатымен қатар басталған дода Олимпиаданың жабылу салтанаты қарсаңында бір-ақ аяқталады.

Қазақстан құрамасы ерлер арасындағы сынға толық құраммен қатысып жатыр. Ғалымбек Кенжебаев шәкірттері жеребе бойынша негізінен екінші кезеңнен сынға араласады. Алғашқы іріктеу кезеңінде

шаршы алаңға шыққан үш боксшы да қарсыластарынан басым түсті.

57 келі салмақта Серік Теміржанов венгриялық Роланд Галошты 5:0 есебімен сенімді жеңді. Теміржановтың 1/8 финалдағы қарсыласы – 2017 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері Дюк Раган (АҚШ). Гамбургте өткен әлемдік сында Раганды отандасымыз Қайрат Ералиевтің жеңгені есімізде. Содан бері америкалық боксшы біраз биікті бағындырды. Ол тіпті кәсіпқой бокста бақ сынап көріп, бес кездесуде де жеңіске жетті. Серік әккі қарсыласын жеңуге барын салады деп сенеміз.

Зәкір Сафиуллин (63 келі) алғашқы жекпе-жекте перулік Леодан Песоны еркін жеңді. Бұл кездесуде Зәкір бар шеберлігін паш еткен жоқ. Күшін үнемдей жүріп, дұрыс тактикалық жекпе-жек ұйымдастыра білді. 1/8 финалда ол шаршы алаң иесі Дайсуке Нариматсумен қолғап түйістіреді. Нариматсу – 2018 жылғы Азия ойындарының қола жүлдегері.

Кеше үшінші болып ортаға шыққан Сәкен Бибосынов та (52 келі) жанкүйерді жерге қаратқан жоқ. Ол пуэрториколық Янкиель Ривераны 4:1 есебімен тұқыртты. Словакиялық төреші ғана Ривера жеңді деп санады. Сәкен келесі кезеңде 2019 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері Біләл Беннамамен (Франция) кездеседі.

ДЗЮДО

Ержан мен Жансай тез тоқтады



Дзюдодан алғашқы жүлдені Елдос Сметов елге сыйлағанмен, әзірше басқа спортшыларымыз қуанта алатын емес. Рио олимпиадасында қоладан жүлде салған Отгонсетсег Галбадрах (48 келі) бұл жолы

алғашқы айналымнан өте алмады. Ол қытайлық Ли Яннан таза жеңілді. Яннан да одан кейінгі белдесуінде португалиялық Катарина Костаға есе жіберіп, Галбадрахтың жұбаныш белдесуіне барар жолын жапты.

Ерлер арасында 66 келіде сынға түскен Ержан Серікжанов алғашқы кездесуде атакты Орхан Сафаровты (Әзербайжан) қапы қалдырғанмен, 1/8 финалда Мануэль Ломбардодан ұтылды. Ломбардо да ары қарай жеңісті сапар жасай алған жоқ. Сөйтіп, Серікжановтың қола жүлде үшін күресу мүмкіндігі тіпті де туындамады.

Кеше Жансай Смағұлов та (73 келі) бір жеңіспен тоқтады. Ол Фердинанд Карапетянды (Армения) жеңді де, екінші сында канадалық Артур Маргелидонға соңғы секундтарда ұпай беріп қойды. Маргелидон келесі белдесуде грузин Лаша Шавдатуашвилиге жол беріп, жүлдеден өз үмітін ғана емес, Жансайдың да үмітін үзді.

АУЫР АТЛЕТИКА



Аз болса да – саз

Допинг дауына жиі ұшыраған федерацияларға Токио Олимпиадасына небары екі жолдамадан берілді. Сондай күйге тап болған елдің бірі – Қазақстан. Ерлер арасында – бір, әйелдер арасында бір жолдаманы қанағат етіп, жапон жеріне Игорь Сон мен Зульфия Чиншанлоны ғана шығарып салған едік.

Кейінгі толқынның ішінен 56 келі салмақ дәрежесінде өзін жақсы көрсеткен И.Сон олимпиадада 61 келіде сынға түсті. Өйткені, олимпиада бағдарламасынан 56 келі алып тасталып, әйелдер сынына тағы бір салмақ қосылған-ды.

Шынын айтқанда, Игорьдың мықтылармен бәсекесін қорқақтай күттік. Мұндағы негізгі фавориттер азиялықтар болса да, грузиялық Шота Мишвелидзені санаттан шығарып тастауға болмайтын еді. Жапон ауыр атлеті Йоити Итоказу да бес қаруын асынып, тас-түйін дайын болғаны анық.

Алғашқы жүлқа көтеру бағдарламасында Игорь төртінші нәтиже көрсетті. Ол үш мүмкіндігін де сәтті пайдаланды. Алайда, төрешілер оның алғашқы екі кезектегі 126 және 131 келісін санады да, үшінші жолғы 134 ұпайын есепке алмады. Кейін белгілі болғандай, Сонның жарыстан бұрынырақ алған оң тізесінің жарақаты бәрібір сыр бермей қоймапты. Төрешілер аяқты тіктеу мен қатар қоюдың шағын детальдарына дейін мән беріп, 134 емес, 131 ұпайды тіркеді. Жарыстың бұл бағдарламасында отандасымыздың алдында Ли Фабин (Қытай), Еко Юли Ирауан (Индонезия) және Итоказу тұрды.

Серпе көтеруге келгенде, Игорь алдымен 155 келіге тапсырыс беріп, кейін оны 156-ға өзгертті. Бұл салмақты ол еркін еңсерді. Екінші жолы 162 келіні тік көтер-

генмен, төрешілер тағы да сараңдық танытты. Бұл кезде Фабин мен Ирауан өз кезегін асықпай күтіп, алтын мен күміске өзара таласатынын бірден ұқтырған-ды. Сондықтан бізге Мишвелидзенің, тайваньдық Кау Чан-Хунның, Итоказудың бәсекесі қиын болып тұрды. Күтпеген жерден бұл сынға арабиялық Сераж әл-Сәлем де кірісіп кетті. Ол жүлқа көтеруде 129 келімен тоқтаса, яғни Соннан небары екі ұпай кейін тұрған болса, серпе көтеруде бірінші мүмкіндігінде-ақ 159 келіге тапсырыс берді. Оны тез бағындырды да. Сон үшінші кезегінде 163 келіні алды. Мұнда үш төрешінің екеуі қолдап, мүмкіндік есепке алынды. Итоказу болса, екінші талпынып барып қана 159 келіні алды, үшіншісінде 162-ні тік көтере алмады. Яғни оның қола жүлдеден үміт ете алмайтыны белгілі болды. Мишвелидзе болса, 163 пен 165 келіге екі рет талпынып көріп, жарыстан шеттетп кетті. Фабин мен Ирауанның шешуші тартысы алдында әл-Сәлем қола тағдырын шешті. Ол 166 келіні көтеруін көтерді, бірақ алаңда тоқтап тұра алған жоқ. Төрешілер қайта қарап, сауд атлетінің мүмкіндігін есептемеді. Үшінші жолы әл-Сәлем 166 келіні иығына тастай да алған жоқ.

Сөйтіп, Игорь Сон 294 ұпаймен Токио олимпиадасының қола жүлдегері атанды. Үштөбелік азамат бұған дейін мұндай салмақтарды көтеріп көрмегенін, бірақ шешуші сәтте тәуекелге баруға тиіс болғанын айтты. Жарыстың екінші күнінде Сон осылайша жанкүйерлерді тағы қуанышқа бөледі. Алтын медаль Ли Фабинге (313 ұпай, олимпиада рекорды) бұйырса, күміс жүлдені Ирауан (302 ұпай) иеленді.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛЖАҚ.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге, // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге, // 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



Гамбургерге – 121 жыл



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Бүгін – гамбургердің «туған күні». Бұл тағам немістікі болғанымен, АҚШ-та фастфудтың «патшасы» саналады. Өйткені, олар күнін онсыз елестете алмайды екен. Шетелдіктердің көпшілігі күніне 2-3 гамбургер жейтін көрінеді. Сонда олар айына шамамен 90-нан астам фастфуд тағамын тұтынады.

Биыл гамбургер 121 жасқа толады. Ең қымбат гамбургер Лас-Вегас қаласында 777 доллар тұрады екен. Ол жұмсақ сиыр еті, лобстер, бри ірімшігі мен пияздан әзірленеді.

Фастфудтың ағзаға зиян екенін жиі естиміз. Алайда, одан бас тартпаймыз. Ғалымдар гамбургер жеген кезде болатын ағзадағы өзгерістерді зерттеп, нәтижесін жариялады. Мәселен, алғашқы 10 минут ми калориясы көп тағамды жақсы көреді. Ал стандартты ірімшігі және тұздығы бар гамбургер шамамен 540 ккал құрайды және қандағы глюкоза деңгейін бірден көтереді. Фастфуд нейромедиатор, допамин секілді нақты заттардың көп мөлшерде бөлінуіне ықпал етеді. Олар рақаттану және қанағаттандыру сезімдеріне жауап береді.

20 минут өткен соң кант тәуелділікті шақырады. Өйткені, гамбургер тоқашында фруктозаға бай жүгері шербаты мен натрийдің көп мөлшері болады. Ол екеуі де тәуелділікті шақырып, тәбетті аша түседі. Нәтижесінде кант диабеті, семіздік және жүрек ауруына әкеледі.

30 минуттан соң натрий «шабуыл» жасайды. Стандартты

гамбургер құрамында 970 мг натрий болады. Тұздың мұндай көп мөлшерде болуы адамды шөлдетеді береді. Бірақ адамдар шөлдеуді қарын ашу сезімімен жиі шатастырады. Соңында сұйықтықтың жетіспеуі тағы бір гамбургер сатып алуға итермелеуі мүмкін. Натрийді көп мөлшерде қолданғаннан кейін тұзды шығару үшін бүйрекке салмақ түседі. Артық тұзды ерітіп, оны шығару үшін тіннен қанға қосымша су алынады.

40 минут өткен соң тағы да біреуін жегіңіз келеді. Адамдардың көпшілігінің үлкен гамбургерден соң да қайтадан қарны ашады. Себебі, мұндай тамақ қандағы кант деңгейінің бақылауын бұзып, бағынбайтын аштықты шақырады. Калориясы жоғары фастфуд жегеннен кейін, оның құрамындағы инсулин қандағы көтеріліп тұрған кант деңгейін бірден түсіріп, қайтадан аштық сезімін тудырады.

60 минуттан соң жай ас қорыту жүреді. Ағзаға тағамды қорытуға қалыпты түрде 24–72 сағат керек. Алайда, гамбургерді қорытуға одан да көп уақыт қажет. Себебі, оның майлылығы жоғары. Кей жағдайда гамбургердің ас қорыту жолымен өтуіне 3 күннен аса уақыт керек болуы мүмкін екен. Жылдам тамақтану орындарындағы гамбургер 1,5 г. транс майынан тұрады. Сенесіз бе, олардың қорытылуына 51 күн керек. Транс майлар жүрек ауруының, семіздіктің, кант диабетінің және қатерлі ісіктің болу қаупін жоғарылатыны дәлелденген.

Гамбургерден мүлдем бас тартпаңыз, онда оны анда-санда ғана жеуге дағдыланыңыз. Дұрыс тамақтану жақсы денсаулыққа кепіл болатынын естен шығармаңыз!

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
 - * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!
- Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almatyaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



НЕ СЕБЕПТІ ВАКЦИНА САЛДЫРУ ҚАЖЕТ?



KAZINFORM CORONA VIRUS 2020 KZ

© «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі, 2021 жыл

inform.kz

ВАКЦИНАЛАР НЕЛІКТЕН ЕКІ КОМПОНЕНТТЕН ТҰРАДЫ?



Егер вакциналарды әзірлеу кезінде бір дозаның тиімділігі жеткіліксіз болса, вирус туралы еске салып және антиденелерді барынша мол түзіп, бірінші дозаның әсерін күшейту және нығайтуға иммундық жасушаларды ынталандыру үшін екінші доза қажет



kazinform CORONA VIRUS 2020 KZ

© «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі, 2021 жыл

inform.kz



АСПАН АСТЫНДАҒЫ КІТАПХАНА

жұмысын бастады

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Шаһарда ашық аспан астындағы кітапхана пайда болды. Мобильді кітап қоймасы Мұқағали Мақатаев атындағы саябақта орналасқан. Енді алматылықтар уақытты таза ауа аясында кітап оқумен өткізе алады.

Кітапхана жылжымалы болғанмен, көшіп-қонбайды. Ол аталған мекенжайда тұрақтаған. Ондағы кітап сөрелерінен белгілі қазақстандық және шетелдік жазушылардың еңбектерін кездестіруге болады. Тіпті, «кітап оқимын» деген ниеті барларға кітап тегін беріледі. Тек оны оқып болғасын, сол қалпында қайтарса жеткілікті. Ұйымдастырушылар қалалықтардың сұранысына ұсыныс болу үшін, әрі кітап сөрелері бос тұрмау үшін алматылықтарды өз кітаптарымен бөлісуге шақырады. Ал кітапханашылар кітап қорының толықтырылуын қадағалап, шағын қорды үнемі жаңартып отырады.

— Алматы ауданында алғашқы болып «Жарқын жаз» акциясы басталды. Мақсат – аудан көлемінде орналасқан саябақтарда, скверлерде мобильді кітапханаларды орнату. Олардың санын онда дейін жеткізу жоспарда бар, —

деді аудан әкімінің орынбасары Айнуір Бекжанова. Акция барысында мобильді кітапханада қазіргі заманғы жазушылармен кездесулер өтіп, кітапқұмарлар үйірмесі ұйымдастырылады, онда тілек білдірушілер оқылған кітаптары туралы әсерлерімен бөлісіп, бір-біріне ұнаған әдебиеттерді ұсынады. Ұйымдастырушылар жоба жұртшылықты ғаламтордан алшақтатып, әсіресе жастар арасында кітап оқуға деген сүйіспеншілікті арттырады деген үмітте.

— Үйренішті алаңда алып, еркін оқуға болатын кітаптар қойылған сөрелерді көру мен үшін күтпеген жағдай болды. Мен мұнда балалармен жиі келемін. Енді уақыт мен үшін де қызығырақ болып өтетін болды, — деп бөлісті алматылық Айнуір Ержанова. Көпбалалы ана Алма қала тұрғындарына үйлеріндегі балалар кітаптарымен бөлісуді ұсынды.

— Мұндай бастама балалардың оқуға деген сүйіспеншілігін дамытуға көмектеседі. Олар кітапты парақтаудың қызық екенін, ересектер оны қызығушылықпен оқып, талқылайтынын көреді. Үйімде біз оқыған көптеген балалар кітаптары бар, мен олармен бөліскім, ауысқым келеді. Қала тұрғындарына арнап осындай мәдени орталықтар құрып жатқан қалаға рахмет, — деді көпбалалы ана.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Енді трамваймен қыдырамыз

Енді алматылықтар мен қала қонақтары орталық саябақта трамваймен қыдыра алады. Бірақ ол рельспен емес, дөңгелекпен жүреді.

Құрастырушылар көлікті шаһардың бұрынғы атауымен «Алма-Ата» деп атаған. Қала тұрғындарының айтуынша, ретро-вагон 1980 жылдары мегополисте жүрген «ЛМ-33» маркалы трамвайға ұқсайды. Трамвайда 12 орын бар. Вагоны кезінде Ленинградта шығарылған «ЛМ-33» немесе халық арасында «Американка» деп аталған трамвайға ұқсатып, қолдан құрастырылды. Оны Еділ Көбебаев бастаған 4 жігіт жасап шығарған. Олар ретро көлікті құрастыруға 3 айға жуық уақыт жұмсаған.

Қала қонақтарының ішінде бұл көлік түрін мүлде көрмегендер де бар екен. Алматыда трамвай 1937 жылы пайда болды. 90-жылдардан бастап оның қозғалысына шектеу қойыла бастады. Кейіннен біртіндеп рельсі бұзылды. Ал 2015 жылы мүлдем алынып тасталды.

— Алматылықтар өз қаламызды жақсы көреміз. Ал байырғы тұрғындар қаланың бұрынғы келбетін



сағынышпен еске алады. Сондықтан сол кезде жүрген трамвайды жұртшылыққа ұсынғымыз келді. Балалармен қоса, үлкендер де отырып, бұрынғы кезді еске алып жатады. Әрине, бұл – декоративті көлік. Бірақ трамвайдың элементтерін сақтауға тырыстық. Алдағы уақытта саябаққа осыған ұқсас ретро-көліктер қойсақ деген жоспарымыз бар, — дейді Мәдениет және демалыс саябағының басқарушысы Владимир Калинин.

— Бұл трамвайды құрал-жабдықтарын Мәскеуден тапсырыс беріп алдырттық, Алматы қаласында таныс жігіттер жинады. Оны осы қалада өзіміз боядық. 4 адам жинады, — деді Еділ Көбебаев. Өнертапқыштар трамвайға әлі де қосымша бөлшектер қойып, түрлендіруге ниетті. Ал басшылық тұрғындар арасында сауалнама жүргізіп, тағы қандай ретро-көлікті көргісі келетіндерін білмек.

Ұлттық асхана таңқалдырды

Франция астанасында «Дөңгелекті қазақ ас үйі» атты жаңа жоба басталды. Ондағы мейрамханада қазақ аспазы басшылық етеді. Мұндағы мәселе – жалпы тамақта емес, ұлттық тағамда.

Көліктегі асүй пайда болған соң Шатийон-Монруж станциясына жергілікті қазақтар ағыла бастады. Бұған бастамашылар таңтамаша болды. Себебі, олар негізі француздарға сенім артып келген еді. Мәзірдегі сөздерді де соларға лайықтады. «Номад», «Дала», «Жібек жолы» атаулары жұрт назарын аудара білді.

— Қазақстанды таныту да біздің бастапқы мақсатымыз болатын. Бірақ қандастарымыздың тарапынан үлкен қолдау болады деп күткен жоқпыз. Француздар сұрақты қарша

боратып жатыр. Уақыт тауып, қысқа да нұсқа түсіндіруге тырысамыз. Әрине, мәдени тұрғыда еліміз үшін бұл күшті жарнама, — деді «Delices Des Steppes» компаниясының қосалқы негізін салушысы Мәдина Құлманова.

Жобаны дайындауға бір жыл уақыт кеткен. Индетке байланысты рұқсат алу мерзімі ұзаққа созылған. Сапалы ет табу да қиын болған. Жоба авторлары өнімдерді жарты жыл бойы зерттеген. Қазірде аталған мейрамхана аптасына 5 күн жұмыс істейді. Париждің айналасын аралау да ойда бар көрінеді.

Жоба авторлары алдағы уақытта келушілерге қазы мен құрттың дәмін таттыруды жоспарлап отыр. Ал әзірге көпшілік қазақ сәмса мен мәңтісінің дәміне тәнті болып, қайта-қайта келуде.

40%-ы рәсуа болады

Жыл сайын әлемде өндірілетін азық-түліктің шамамен 40%-ы асқа пайдаланылмай қоқысқа тасталады.

Бұл туралы дүниежүзілік жабайы табиғат қорының өкілдері хабарлайды. Айтуларынша, бұл қоршаған ортаға зиян келтіреді. Өйткені, тамақ қалдықтарының парниктік газдарға үлесі 10%-ға жуықтайды. Бұл Еуроодақ пен АҚШ-та көліктен бөлінетін зиянды заттардың мөлшерінен екі есе көп. Осы ретте мамандар тұрғындарды азық-түлік тандау мәселесінде жауапкершілік танытуға шақырып отыр.

Әзірлеген
А.НӨЛДІБЕКОВА.